**«Қаралды»**
Әдістемелік бірлестік
Хапур А.
________________
«31» тамыз 2021 ж

**«Келісілді»**
Оқу ісі меңгерушісі:
А. Рашатхан
________________
«31» тамыз 2021ж

**«Бекітілді»**
Мектеп директоры
А.Анесий
________________
«31» тамыз 2021ж

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ жанындағы «Айналайын» шағын орталығының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы 2021-2022 жылы**

**Топ:** «Күншуақ» тобы
**Тәрбиешілер:** Мұсай Р.
Бексолтан А.

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**
**Тақырыпша. «Менің балабақшам»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсету) ***I апта ( қыркүйек, 2001)ж***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | | | ***«Таныс пішіндер доминосы»*** ***Мақсаты:*** *Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру* | ***«Әдемі гүл»*** ***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту* | ***Танып ал да, атын ата*** ***Мақсаты:*** *заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.* |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қыркүйек айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын- жаттығу «Таза қолдар».*** *Балаларға ас ішуге көмектесу, қасықты дұрыс ұстауға дағдыландыру, ұқыпты ішуге тәрбиелеу.* *Астан кейін беті-қолын жуып, сүртінуге дағдыландыру, тазалыққа баул* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*** ***Шаттық шеңбер*** ***Шаттанамын, күлемін,*** ***Бақытты боп жүремін.*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Қатар тұрар шеңберде***<br>***Досым көбін білемін*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | | | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Біреу, көп, бір-бірден.*<br>***Мақсаты:*** *заттарды «біреу», «көп», «бір - бірден», түсінігі туралы ұғымдарын қалыптастыру. Бірде-бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту.*<br><br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *көрнекілік саны бойынша «біреу–көп»,ойыншық кірпі, бір себетте жапырақтар (1 жапырақ – қызыл, қалғандары жасыл түсті, бала саны бойынша);*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>***Ой қозғау.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Тиіскенді түйреген,*<br>*Киімі бар инеден. (Кірпі.) – Балалар, жұмбақ не туралы? Кірпі келіп, балалармен амандасады. Балалар қызығушылық танытады. Кірпі балаларға ішінде жапырақтары бар себетті береді.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*Себетте не бар? Кірпі берген себетте не жатыр? Себетте неше жапырақ бар? Мен бір жапырақты аламын..Әр баланың қасына барып,* | *1.* ***Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *«Балабақша ауласына саяхат»*<br>***Мақсаты:*** *Балабақша ауласындағы және маңайындағы өсімдіктерді, ағаштар мен бұталарды атауға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Ағаштар,бұталар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***1Шаттық шеңбері:***<br>*Армысын,асыл күн!*<br>*Армысын,көк аспан!*<br>*Армысын,жан досым!*<br>*Жылуына жылу қос.*<br>***2Ой қозғау.***<br>*–Балалар, сендер күн сайын таңертең тұрып қайда келеміз?*<br>*- Онда біз кімдерді көреміз, сендерді кім қарсы алады?*<br>*- Дұрыс, балалар.*<br>***Тосын сәт. Айгүл қуыршақ қонаққа келеді.***<br>*Айгүл: Саламатсыздар ма,балалар! Мен балабақша ауласымен танысқым келеді? Балабақша ауласында нелер бар? Маған көрсетесіңдер ма?*<br>***Балбақша ауласына саяхат****.*<br>*Балабақша ауласына саяхатқа алып шығу.Аулада өсіп тұрған ағаштармен, бұталармен таныстыру.* | *1.* ***Сурет салу***<br>***Тақырыбы****: Менің тобымдағы заттар.*<br>***Мақсаты:***<br>*Қарындаштармен дәстүрлі тәсілдермен сурет салу .Сурет салу барысында дөңгелек және сопақша пішіндерді ажырата білуге үйрету. Қол моторикасын дамыту.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Қуан,шаттан,алақай,*<br>*Қуанатын күн келді.*<br>*Қайырлы таң!Қайырлы күн!*<br>*Күліп шықты күн бүгін!*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*1) Үрлесең жеп-жеңіл, Е лпілдеп кетеді. Ұшырсаң, көк-теңбіл, Бұ лтқа да жетеді. (Шар)*<br>*2)Тепсең-ақ секіріп,*<br>*Ұстатпай қашады.*<br>*Бір жерге бекініп,*<br>*Тұра алмай сасады.(Доп)*<br>***Сұрақтар ілмегі .***<br>*-Доп не үшін қажет?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *бір-бірден жасыл жапырақтан алуын сұрау.*<br>***Ашық сұрақтар қою?***<br>*Себетте неше жапырақ болды?*<br>*Енді қанша қалды?*<br>*Жапырақтар себетте көп болу үшін, не істеу керек?*<br>*Балалардың жауабын тыңдау.*<br>***«Біреу – көп» ойыны.***<br>*Шарты: Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін көрсетеді.*<br>***Ой қозғау.***<br>*Кірпі нені жақсы көреді.?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*– Балалар, кірпі қысқа азық жинап алмақшы екен. Кірпіге суреттегі көп алма қайда, бір алма қай жерде тұрғанын айтып жіберіңдерші.*<br><br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***Ойын.*** *«Бір-бірден, бірде-біреуі жоқ»*<br>***Ой өріс***<br>***Топтық жұмыс.***<br>*Суретте кірпілерді табуды ұсыну. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата?*<br>***Рефлексия.*** | <br><br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*-Балабақшамыздың ауласында не өседі?*<br>*-Қаңдай гүлдер өседі екен?*<br>*-Қандай ағаштар өседі екен?*<br>*-Балабақша ауласы сендерге ұнай ма?*<br>***Таза ауада сергіту сәті.***<br>*Достарым көп бақшада (шеңберге тұру)*<br>*Көңілдіміз бақшада (қолдарын жайып)*<br>*Достықты біз сүйеміз (бір-біріне қарап, жымию, құштасу)*<br>*Бірге күліп жүреміз*<br>***Дид.ойын:*** *«Жапырағынан таны»*<br><br>***Балабақшаға оралу.***<br>*Айгүлмен қоштасу.*<br>***Қорытынды.***<br>*Балаларды мадқтау.Көңілді смайлктер беру.*<br><br><br>***2.Жапсыру.***<br>***Тақырыбы:*** *Балабақша* | *-Допты неден жасайды?*<br>*-Доппен ойнайтын қандай ойын білесіңдер?*<br>*-Шардың түсі қандай?*<br>*-Пішіні қандай?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>***Топқа бөлу.***<br>***Доп, шар арқылы.***<br>*Балалар өздеріне ұнаған заттарды алып орындыққа отырады.*<br>***1-Топ*** *Допты түрлі түсті карандашпен бояйды.*<br>***2-Топ*** *Шарды бояумен бояйды.*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету, түсіндіру.***<br>*Балалардың өз бетінше жұмыстары.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Қолды белге қоямыз.*<br>*Бұрыламыз оңға бір,*<br>*Бұрыламыз солға бір.*<br>*Біздер тату баламыз,*<br>*Гүл-гүл жайнап жанамыз.*<br>*Балаларға жеке көмек көрсету.*<br>*Қорытынды.*<br>*Сұрақ қою?*<br>*-Оқу қызметінде не істедіңдер?*<br>*-Нені боядыңдар?*<br>***Галереяны шарлау әдісі.***<br>*Бірін бірін бағалау. Бас бармақ әдісі арқылы.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2.Дене шынықтыру*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Кірпі тапсырманы дұрыс орындағандары үшін балаларға рақмет айтып, оларға жапырақтары бар себетті сыйлайды.<br>Балалармен қоштасады.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Кім бізге қонаққа келген?<br>Кірпі бізге не сыйлады?<br>Себетте неше қызыл жапырақтар жатыр?<br>Себетте неше жасыл жапырақ жатыр?<br>Балаларды мадақтау.<br>3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>2. **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>«Балабақша»<br>(әңгіме құрастыру)<br>**Мақсаты:** Мнемотехника әдісі арқылы әңгіме құрастыру. Өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қызыл телпек суреті, АКТ, балабақша менмотехника, балабақша қызметкерлер суреті.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Балалар:<br>Еліміз тыныш болсын,<br>Отбасымыз аман болсын.<br>Дастарханнан дәм кетпесін,<br>Көңілімізден сән кетпесін.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>-Балалар, сендер күнде қайда келесіңдер?<br>-Ертеңгісін балабақшаға | ауласындағы көбелектер<br>**Мақсаты :** Үлгіге қарап, қағаз бетіне көбелектерді жапсыру. Жапсыру дағдыларын қалыптастыру.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Түлі түсті қағаздар, қайшы, карындаш, желім ,дөңгелек пішіндер.<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Арайлап атқан таңға сәлем!<br>Жылуын шашқан күнге сәлем!<br>Жайнап өскен бізге сәлем!<br>Білім беріп тәрбиелеген,<br>Апайларым сіздерге сәлем!<br>**Қызықтыру сәті.**<br>**Жұмбақ жасыру**<br>Гүл үстінде әдемі,<br>Екі жапырақ биледі.<br>Жұлып алайын деп едім<br>Ұстатпай ұшып кетті.<br>(Балалардың назарын суреттерге аудару)<br>-Балалар мына гүлдің үстінде қонып отырған қандай жәндік?<br>Балалар көбелек туралы білгілерің келе ме?<br>**Бейне роликке** (көбелек туралы және көбелектің дамуы туралы) көңілдерін аудару.<br>Балаларды шығармашылық орталығына шақыру:<br>**Топқа бөлу әдісі.**<br>**Әр түрлі көбелектермен**<br>1 топ Көбелекті қиып жапсыру.<br>2-топ Дайын көбелекті әсемдеу. (дөңгелек пішіндермен)<br>**Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.**<br>Балалараға суретті жапсыру | Балаларды бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен тізбектеліп жүруге және берілген бағытта жүгіруге үйрету. Допты тура бағытта домалату. Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**1.** Қол мен иыққа арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолдарды жоғары көтеру.<br>**ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.<br>**б)** солға тербелу.<br>**2.** Денеге арналған жаттығулар:<br>Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.<br>**а)** қолды жоғары көтеру.<br>**ә)** алға созу.<br>**б)** түсіру.<br>**в)** екі қолды жанға созу.<br>**г)** б.қ.келу.<br>**3. Аяққа арналған** Б.қ: тік тұру, қол төменде.<br>**а)** екі қолдағы кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *келгенде достарымызға не дейміз?*<br>*Жарайсыңдар балалар. Балабақшада сендер не істейсіңдер?*<br>*Балалардың жауаптарын тыңдау.*<br>***Тосын сәт.***<br>*Қызыл телпек келеді.*<br>***Ойын:*** *Сиқырлы гүлдердегі сұрақтар .*<br>*Мен өзімнің қызыл телпекшемді қай баланың басына кигізсем сол бала сұраққа жауап береді.*<br>*- Балабақшада сен немен ойнағанды ұнатасың?*<br>*-Саған балабақшаның қандай тамағы ұнайды?*<br>*-Сенің балабақшаң қалай аталады?*<br>*-Балабақшаға деген жақсы тілектер айта аласыңба?*<br>*Балалар сұраққа қызыға жауап береді.*<br>***Мнемотехника әдісі.***<br>*Балабақша*<br><br><br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Балабақша қызметкерлерін тауып айт»*<br>*Шарты: Көп суреттің ішінен балабақша қызметкерлерін* | *процесін кезектілігін көрсету.*<br>***Қауіпсіздік ережелері.***<br>*қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескерту.*<br>***Саусақтарға арналған жаттығу «Көбелек»***<br>*Ұйқыда жатқан гүл кенеттен оянды.*<br>*Одан кейін ұйқысы оның келмеді.*<br>*Жыбырлады, дірілдеді,*<br>*Қанат қағып, ұша жөнелді.*<br>*Балаларға жеке көмек көрсету.*<br>***Қорытынды:***<br>***Галерея шарлау әдісі.***<br>*Өз ара бағалау.*<br>*Бас бармақ әдісі.*<br><br>*Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.* | ***ә)*** *бір орында секіріп, қолды жанға созу.*<br>***б)*** *б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару. Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Допты тура бағытта домалату.*<br>*2.Құрсаудан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Допты ұста» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>***Тыныс алу жаттығу.***<br>*«Бір мұрын куысымен тыныста.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *табуы керек*<br>***Сергітусәті.***<br>***Бір қадам әдісі*** *.*<br>*тақпақты қайталау.*<br>*Балабақша есігін*<br>*Үшке толып ашқанбыз*<br>*Мәпелейді бақшамыз*<br>*Бұл екінші үйіміз*<br>*Бір туғанбыз бәріміз*<br>*Біз осы үйдің гүліміз*<br>*Біз осы үйдің сәніміз.*<br>***Қорытынды.***<br>*Қызыл телпек балаларды мадақтап қоштасады.*<br>***«Бүлдіршіннің арманы» әні***<br>*АКТ дан бірге қарап қайталау.*<br>***3 шапалақ әдісі*** *арқылы қорытындылау.*<br>*Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.*<br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*МақсатыБалаларды гимнастикалық орындық бойымен жүріп секіруге үйрету.Балалардың босаң-сыған қолдарменжүгіру іскерлігін бекіту.*<br>*Балаларды шеңберден шеңберге қос аяқпен секіруге әрі қарай жаттықтыру..*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***жаттығулар:***<br>*(таяқшалар)*<br>*«Біз күштіміз!»*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.*<br>*1.Екі қолды алға созып*<br>*2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.*<br>*3.Бір қатарға келу.*<br>*«Біз барлаушымыз!»*<br>*Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.*<br>*1.Қос қолды жоғары көтеру.*<br>*2.Денені бұрып – оңға иілу*<br>*3.Денені бұрып – солға иілу.*<br>*4.Б.қ. келу*<br>*«Біз штангашымыз!»*<br>*Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>*1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау*<br>*2. Таяқшаны жоғары көтеру.*<br>*3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.*<br>*4.Б.қ. келу.*<br>*«Біз ептіміз!»*<br>*Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.*<br>*1.Қос қол белде.*<br>*2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру*<br>*3.Б.қ. келу*<br>*Тыныс алу:*<br>*1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.*<br>*2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.*<br>***Негізгі қимыл-*** | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ***жаттығулары:***<br>*1 Гимнастикалық орындықпен түзу жүру.*<br>*2.Обручтан обручқа секіру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Өз үйіңді тап!» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>*Тыныс алу жаттығу.*<br>*«Ауа шары»* | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека №1***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №2***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №3***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №4***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 2***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,*<br>*Сабынмен қол жуамыз,*<br>*Таза болды мұнтаздай,*<br>*Тағамға қол созамыз.*<br>*Балаларға реттіліктен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№1***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№2***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№3***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№4***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№5***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму** | *Дидактикалық ойын:*<br>*«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету* | *Дидактикалық ойын: Дайын бол.*<br>*Мақсаты:Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс-* | *М.Монтессори технологиясымен жұмыс.*<br>*«Ұқсастықты тап» ойыны* | *Алтын жұмыртқа ертегісін суреттер көрсетіп түсіндіру. Үстел ойындары.* | *Дидактикалық ойын:*<br>*«Ғажайып қапшық» - Геометриялық пішіндерді атау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **картасына сәйкес жеке жұмыс** | | *қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с.* | *Мақсаты:Заттардағы ұқсастықты табу және өз дәлелін негіздей алу іскелігін дамыту.* | | |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Таза ауаға серуен.*** <br> ***Серуен №5*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** <br> ***Серуен № 6*** <br> *Картотека қосымша тіркелген* | ***Таза ауаға серуен.*** <br> ***Серуен №7*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** <br> ***Серуен №8*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** <br> ***Серуен №9*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**
**Тақырыпша. «Менің достарым»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсету) ***II апта ( қыркүйек, 2021ж.)***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | ***Тақпақ.Балабақшам***<br>*Балабақша базалы үй,*<br>*Ауылдағы ажарлы үй*<br>*Шуағы мол шаттығы*<br>*Өз үйіміз сияқты* | ***«Қоянға көмектесеміз»***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*Заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға үрету.* | ***«Не артық?»***<br>***Мақсаты:***<br>*Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Суретте тұрған артық затты таба білу, сипаттама беру.* | ***«Құстарға көмектесеміз?»***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға құстар туралы түсінік беру, Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен карауға баулу.* | ***«Гүлдер біздің досымыз» Мақсаты:*** *балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру.* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Қыркүйек айының 2-аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.*** | | | | |
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз.*<br>***Ойын- жаттығу*** ***Сылдырлайды мөлдір су,***<br>***Мөлдір суға қолыңды жу.***<br>***Жуынсаңсаң сен әрдайым,*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Таза бетің, маңдайың.* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Шаттық шеңбер***<br>***Отан деген - Атамекен,***<br>***Отан деген - туған жер.***<br>***Отан - ана, Отан - үлкен,***<br>***Қазақстан - туған ел.*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | *1. Құрастыру*<br>***Тақырыбы:*** *Достарыма арналған үй*<br>***Мақсаты:*** *Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *құрылыс материалдары және үлгі суреттер, кішкентай ойыншықтар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біздің топтың ұл- қыздары,*<br>*Тату тәтті ойнайды.*<br>*Әлемдегі бар адамға,*<br>*Тек жақсылық ойлайды.*<br>***Қызығушылықтрын ояту.***<br>*Айгүл қуыршақ қонққа келеді. Балалардан көмек сұрайды. Достарына үй салып салып беруеріңізді қалайды. Балалар құрылыс салуға дайын екендіктерін білдіреді.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*«Үйлерді салыстырайық»*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Биік үй,аласа үй суреттері арқылы.*<br>*Балалар суретке қарап топқа бөлінеді.*<br>*1-топ Биік үй* | *1. Сөйлеуді дамыту*<br>***Тақырыбы:*** *Менің достарым*<br>***Мақсаты*** *Достық туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *күз мнемотехника, білмеспек суреті, дос туралы суреттер,доп.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Армысың шұғылалы нұрлы күн!*<br>*Армысың мейірімді жер – ана!*<br>*Сәлеметсіздер ме қонақтар.*<br>*Бәріміз күндей жарқырайық!*<br>*Бәріміз тату – тәтті болайық!*<br>*– Балалар қазір жылдын қай мезгілі?*<br>*- Күз мезгілінде қандай өзгерістер болады?*<br>***Мнемотехника әдісі.***<br>*Күз мезгілі.* | *1.Математика негіздері*<br>***Тақырыбы:*** *Аз- кем ұғымдары.*<br>***Мақсаты:*** *Заттарды айналасындағы бірдей бір және көп затты таба білу дағдысын дамыту.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Доптар, тауық,балапап,ағаштар, жолақша,алма,банан, ойыншық аю*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біз ерекше баламыз*<br>*Айтқан тілді аламыз*<br>*Достарымды көргенде*<br>*Қуана қарсы аламын*<br>*Қайырлы таң балалар!*<br>***«Доп лақтыру» әдісі***<br>*Доп лақтыру арқылы жыл мезгілін сұрау.*<br><br>***Қызығушылықтрын ояту.***<br>*Аю қонққа келеді.*<br>*Балаларға тапсырма алып келеді.*<br>***1-Тапсырма:***<br>*Менің оң қолымда қанша шар және сол қолымда қанша шар бар?*<br>*Бір шар,көп шар* | *1. Жаратылыстану*<br>***Тақырыбы:*** *Менің жасыл достарым*<br>***Мақсаты:*** *Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін байытып, аттарын атауға үйрету. Бөлме гүлдеріне қомқорлық көрсетуге тәрбиелеу.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Қазтамақ, кактус, фикус суреттері; 3-4 бөлікке бөлінген гүлдердің суреттері.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Табиғатым тамаша,*<br>*Көз тоймайды қараса.*<br>*Табиғатты аялап,*<br>*Жүрейікші балаша.*<br>***2. Қызығушылықтарын ояту. (жұмбақ жасыру)***<br>*Адамдардың бәрі қызығады,*<br>*Су құймасаң сәні бұзылады.*<br>*Бұл не?*<br>***3. Табиғат бұрышына саяхат.***<br>***4. Топтағы гүлдермен таныстыру.***<br>*Міне, мынау – қазтамақ деп аталатын гүл. Бөлме гүлі.* | *1. Сурет салу*<br>***Тақырыбы:*** *Досымның үйі*<br>***Мақсаты:*** *Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Бояу түсін таңдай білу, сурет салуға қызығушылығын арттыру.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *қарындаштар, бояу,қылқалам,су,ақ парақ, ойыншық қоян,үй үлгі.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біз қандаймыз-қандаймыз.*<br>*Арайлап атқан таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз.*<br>*Еш уайымды білмейміз.*<br>***Қызығушылықтрын ояту.***<br>*Қоян қонққа келеді.*<br>*Балалардан көмек сұрайды.*<br>*Достарына үй керек екенін айтады.*<br>***Топқа бөлу.***<br>*Карандаш,бояу арқылы.*<br>*Балалар өздеріне ұнаған* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *2-топ Аласа үй*<br>***Тапсырма беру.***<br>*1-топ биік үй құрастырады.*<br>*2- топ аласа үй құрастырады*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*– Балалар, үй құрылысын бастамас бұрын, ол қандай бөліктерден тұратынын көрсету.*<br>*іргетасы, қабырғасы, төбесі, терезесі, есігі, баспалдағы т.б*<br>***Көп қабатты үйдің үлгісін қарау.*** *Іргетасы кірпіштен, едені – пластинадан, қабырғасы – кірпіштер мен текшелер болып алмасып отырады; бөлмелер пластиналар көмегімен бөлінеді көрсету,түсіндіру.*<br>*Балалар үй құрастыруға кіріседі.*<br>*Бақылау. Жеке көмек көрсету.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Ал, балалар, тұрайық*<br>*Алақанды соғайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып*<br>*Біз тынығып алайық.*<br>***Қорытынды.***<br>*Айгүл қуанып достарын шақырады.*<br>***Дидактикалық ойыны.***<br>*«Тұрғындарды үйге орналастырамыз» Балалар үйлердің әрбір бөлмесіне аңдарды және олардың достарын орналастырады.*<br>*Айгүл рахмет айтып қоштасады.*<br>*Балалардың жұмысын талдау.*<br>*Мадақтау.* | ***Тосын сәт.***<br>*Білмеспек келеді.*<br>*Дымбілмес: Менімен ешкім сөйлеспейді, ойнамайды, ешкім дос болмайды. (Дымбілмес жылайды).*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Балалар қалай ойлайсыңдар. - Дымбілмеспен неге ешкім дос болмайды?*<br>*- Сендердің достарың бар ма?*<br>*– Достық дегенді қалай түсінесіңдер?*<br>*-Достар қандай болу керек?*<br>*Балалардың жауаптары.*<br>*Балалар байқадыңдар ма білмеспек амандасты ма сендермен?*<br>***Ойын: «Сәлемдесу»***<br>*Балалар екі - үш жұптан бір - біріне қарап, әр түрлі елдің, адамдардың сәлемдесу рәсімін көрсетеді.*<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*Балалар мына тақтадағы суреттерге қарандаршы?*<br>*Қәне балаларға ат қояйық.*<br>*Балалар суретке қарап достар туралы әңгімелеп береді.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Досым, досым жан досым,* |  <br>***2- тапсырма:***<br>***Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс.***<br>*- Мұнда қанша тауық бар?*<br>*- Қанша балапандар бар?*<br>*- Мына ағашта қанша алма?*<br>*- Ал, мына ағашта қанша алма?*<br>***3- тапсырма:***<br>***Сергіту:***<br>*Алма, алма, көп алма*<br>*Қызыл жасыл, сары алма.*<br>*Теріп, теріп алайық,*<br>*Қалтамызға салайық.*<br>***4- тапсырма :***<br>***Дидактикалық ойын:***<br>***Салыстыру.***<br>***«Бір , көп»***<br>*Шарты: Жолақшаның жоғарғы жағына бір алма, төменгі жағына көп банан орналастыру.*<br>***5- тапсырма.***<br>*Ойыншықтарды салыстыру.*<br>*«Біреу –көп»*<br>*Аю балаларға рахмет айтып қоштасады.*<br>***Қорытынды.***<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Оқу қызметінде не істедіңдер?*<br>*Аю неге келді?*<br>*Қандай тапсырма орындадыңдар?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***2. Орыс тілі*** | *Оның жапырақтарының лимонға ұқсайтын күшті, жұпар иісі бар. Ақшыл көк, күлгін түсті майда гүлдері болады.*<br>*Кактус.* <br>*Кактуста күлтенің орнында инелер болады.*<br>*Мынау – фикус деп аталатын гүл.*  *Оның сопақша пішіндес, үлкен жылтыраған жапырақтары болады. Ауадағы шаңды, адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды.*<br><br>***4.Топқа бөлу.*** *Балалар өздеріне ұнаған гүлдері арқылы 3 топқа бөлінеді.*<br>*1-топ Қазтамақ*<br>*2-топ Кактус*<br>*3-топ Фикус* | *заттарды алады.*<br>*1-Топ. Карандаштар*<br>*2- топ. Бояулар.*<br>***Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.***<br>*1-топ Карандашпен үйдің суретін салады.*<br>*Қағаздың сол жағына жоғарыдан төмен қарай сыза отырып төртбұрыш, қағаздың оң жағына төменнен жоғары қарай сызып, текше салады.*<br>*Үшбұрыш пішінімен үйдің төбелерін және терезелерін салады.*<br>*Үйдің есігін кішкентай төртбұрышты пішін арқылы салады және суретті бояйды.*<br>*2 топ Қылқаламен үйдің суретін салады.*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрайық,*<br>*Қарлығаш боп ұшайық.*<br>*Бір отырып, бір тұрып,*<br>*Жақсы сергіп алайық.*<br>***Дидактикалық ойын.***<br>*«Бұл үйде кім тұрады».*<br>*АКТ пайдалану.*<br>***Галереяны шарлау.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.*<br><br><br>***2.Дене шынықтыру.***<br>*жүру және жүгіру.*<br>*«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***2. Дене шынықтыру.***<br>*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүру және жүгіру. Құрсаудан еңбектеп өту. Заттар арасымен доптарды домалату.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен)***<br>***1.*** *Қол мен иыққа арналған жаттығулар:*<br>***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)*** *солға тербелу.*<br>***2.*** *Денеге арналған жаттығулар:*<br>***«Бағыттаушы»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдағы гүлдерді жоғары көтеру.*<br>***ә)*** *алға созу.*<br>***б)*** *екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу.*<br>***в)*** *екі қолды жанға созу.*<br>***г)*** *б.қ.келу.*<br>***3. Аяққа арналған жаттығулар: «Алақай!»*** *Б.қ: тік тұру, қол төменде.*<br>***а)*** *екі қолдағы гүлдерді кеуде* | *Неге сонша шаршадың.*<br>*Кане ұста қолымнан,*<br>*Секір, секір, секірші,*<br>*Бір серігіп аларсың!*<br>***Ыстық орындық әдісі.*** *Бір балаға орындыққа отырады. Сол балаға дос туралы сұрақтар қояды.*<br>*– Сенің досың кім?*<br>*– Сен кіммен дос болғың келеді?*<br>***Қорытынды.***<br>***«Көңілді доп» ойыны*** *арқылы сұрақтарды қоя отырып оқу қызметін қорытындылау.*<br>*Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызшамен мадақтау, мақтау.*<br><br>***2. Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | ***3.Дене шынықтыру.***<br>*Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен доптарды домалату. Төрттағандап еңбектеу.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*3. Доппен жаттығу.*<br>*1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.*<br>*2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.*<br>*3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу.*<br>*4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.*<br>*5.Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу.*<br>*6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Заттар арасымен доптарды домалату.* | *Әр топқа тапсырма беру.*<br>*1-топ Қазтамақ тобы: Гүлдердің шаңын сүртеді,су құяды.*<br>*2- топ Кактус тобы*<br>***Ойын :«Гүлге не қажет?»***<br>*Гүлге арналған құралдарды тауып тақтаға іледі*<br>*3- топ Фикус тобы: Ойын :«Гүлдерді құрастыр». Қиылған гүлдерді құрастырып,қандай гүл екенін айтады.*<br>***5.Сергіту сәті.***<br>*Гүлдер, гүлдер, шоқ гүлдер,*<br>*Қызыл гүлдер, көк гүлдер.*<br>*(Орнына ақырын көтеріліп, қосылып тұрған қолдарын жайлап ашады)*<br>*Тұра берші ырғалып, Тұра берші нұрланып.(Қолдарын баяу бұлғайды)*<br>*Сол тұрғаның ұнайды, (Қолдарын басының үстіне апарып қосады)*<br>*Құлпырғаның ұнайды. Ұқсап сәби балаға. (Тізесін бүгіп отырады, қолдарымен басын жабады).*<br>***Кубизм әдісі арқылы қорытындылау.***<br>*Гүлдер.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Жақсы қатысқан балаларға жұлдызша беру.*<br><br>***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *еңбектеу. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар допты домалату.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*«Жалаушамен жаттығу»*<br>*1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)*<br>*2. Бір қатардан екі қатарға тұру.*<br>*3. Жалаушамен жаттығу.*<br>*1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.*<br>*2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.*<br>*3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.*<br>***ә)*** *бір орында секіріп, қолды жанға созу.*<br>***б)*** *б.қ. келу.*<br>***Тыныс алу:*** *«Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу)*<br><br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Құрсаудан еңбектеп өту.*<br>*2.Заттар арасымен доптарды домалату.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«жел көбік» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>*Тыныс алу жаттығу.*<br>*«Ауа шары»* | | *2.Төрттағандап еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Күн мен жаңбыр» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>*Тыныс алу жаттығу.*<br>*дыбыс шығару «ш-ш-ш»*<br>*Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз.* | | *жеткізу.*<br>*4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.*<br>*5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.*<br>*6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Заттар арасымен еңбектеу.*<br>*2.допты домалату.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Допты кәрзеңкеге түсір» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>***Тыныс алу жаттығу.***<br>*«Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых»* |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека №4***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 5***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №6***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №7***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека №8***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу: Мөлдір су*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№4*** *Күн.* *Картотека қосымша тігілген* | ***№5*** *Жел* *Картотека қосымша тігілген* | ***№1 6*** *Көздерім тұрыңдар* *Картотека қосымша тігілген* | ***№4*** *Күн* *Картотека қосымша тігілген* | ***№5*** *Жел* *Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Үстел үсті театры:* *Мақсаты: «Менің достарым тақырыбы бойынша сюжетті картиналар қарастыру.* | *Проблемалық сұрақ:* *«Тыңдайық та, ойлайық»* *(Осы мәтінді тыңдап, кім туралы екенін табыңдар).* *Әңгімелеу* *В. Осееваның «Екі дос» әңгімесі.* | *«Дос достыққа» сергіту ойыны* *Шарты: Ол үшін жасалатын қимылды тез-тез жасау керек. 5 секундтың ішінде өзіңізге серіктес тауып алыңыз да тез-тез онымен қол алысыңыз.* *Ал енді бір-бірімізбен «сәлемдесеміз»:* *Оң қол оң қолмен!* *Мұрын мұрынмен!* | *Дидактикалық ойын: «Менің досым»* *Барысы: бір балаға доп лақтырамын да, «Сенің досың қандай?» деп сұраймын.* *Допты алған балаға досы туралы айтып береді.* | *Қимылды ойын:* *Өз үйіңді тап* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №8*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен № 9*** *Картотека қосымша тіркелген* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №10*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №8*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №9*** *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.* | *.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Балалардың денсаулығы жайлы әнгімелесу* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* *Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**
**Тақырыпша. «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсету ***ІІІ апта ( қыркүйек, 2021ж.)***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Балабақша туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | ***Әдемі кілемшелер***<br>***Мақсаты:*** *бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* | ***Вагондарға дөңгелек таңдау. Мақсаты:*** *геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту.* | ***«Әдемі гүл»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *Түстер туралы ұғымын бекіту,түстердің атын білуге машықтандыру,түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету,саусақ моторикасын дамыту* | ***«Сиқырлы қапшық»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.* | ***«Не қайда өседі»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар ара-сындағы кеңістік байланыстарын анықтаудағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру.* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Қыркүйек айының 3 - аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалысын, дене бітімін дамыту.*** | | | | |

<table>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау<br>Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз<br>Ойын- жаттығу Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаңсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.</td></tr>
<tr><td>Ойындар, ҰОҚ дайындық</td><td colspan="5">ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау<br>Шаттық шеңбері:<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.</td></tr>
<tr><td>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері</td>
<td>1.Қоршаған ортамен танысу.<br>Тақырыбы: Заттар әлемі (ойыншықтар, ыдыстар)<br>Мақсаты: Қоршаған заттар, олардың қасиеттері және міндеттері туралы білімдерін кеңейту. Ойын барысында ойыншықтарға ұқыптылықпен, жанашырлықпен қарап, әрекет ете білуге баулу.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: әртүрлі материалдан жасалған ойыншық түрлері, ыдыстар,<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br>Мнемотехника әдісі арқылы жыл мезілін сұрау.<br>Миға шабул<br>Жұмбақ жасыру.<br>1. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,</td>
<td>1. Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы:<br>Ойыншықтар дүкені<br>Мақсаты:<br>Мнемотехника әдісі арқылы ойыншықтар туралы әңгіме құрастыру. Сөздік қорын дамыту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар:<br>ойыншықтар-жұмсақ, ағаштан, пластмасстан, резинкелі<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>Ал,қанеки тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық,<br>Жақсы-жақсы сөздерді<br>Бір-бірімізге сыйлайық.<br>Балалар шаттық шеңберін құрып,бір-біріне тілектер айтады.<br>Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.</td>
<td>1.Математика негіздері<br>Тақырыбы: Сөредегі ойыншықтар<br>Мақсаты: Бірінің астына бірі екі қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: сайқымазақ, дьенеш блоктары, үлкен-кіші текшелер.<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>«Сәлемдесу, амандасу»<br>Қуан, шаттан, алақай!<br>Қуанатын күн келді.<br>Күліп шықты күн бүгін<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>«Доп лақтыру» әдісі арқылы балалардан жыл мегзілін сұрау.<br>Қызығушылықтарын ояту.<br>Сайқымазақ келеді.<br>Балалардан көмек сұрайды.<br>Тапсырмаларды орындаса ойыншық дүкеніне кіргізетінін айтады.</td>
<td>1.Жаратылыстану<br>Тақырыбы: Ойыншықтар еліне саяхат<br>Мақсаты: Балалардың ойыншықтардың қандай материалдан жасалғаны туралы мағлұмат беру.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: әр түрлі ойыншықтар, қуыршақ, қиылған ойыншықтар суреттері.<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>«Қайырлы күн!»<br>Жарқырап күн де ашылады,<br>Айналаға нұр шашылады.<br>Қайырлы күн!<br>Біз көңілді баламыз!<br>Қайырлы күн!<br>Біз сүйкімді баламыз!<br>Балалар қәзір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің неше айы бар?<br>Кәне атап жіберіңдерші<br>Қазір күздің қай айы?<br>Бүгін ауа-райы қандай болып тұр?</td>
<td>1.Сурет салу<br>Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым<br>Мақсаты: Домалақ пішінен доптының суретің салып, ирек сызықпен әшекейлеуді үйрету, суретті қыл қаламен салу және бояу әдіс –тәсілдерін меңгерту.<br>Қолданылатын көрнекі құралдар: әр түрлі ойыншықтар суреті, бояу,мақталы таяқша,түрлі түсті карандаштар. үлгі<br>Оқу қызметінің барысы:<br>Шаттық шеңбер<br>«Қайырлы таң»<br>Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, бала-</td>
</tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бәрінің атын не дейді? (Ыдыс-аяқ)<br>2. Аяғы бар жүрмейді Ауызы бар күлмейді, Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. (Қуыршақ)<br>2. Суға салсаң батпайды, Ыршып жерге жатпайды. (Доп)<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Балалар, қуыршақ, доп, ыдыс-аяқ бір сөзбен қалай атауға болады? (Ойыншық).<br>-Не үшін керек бұл заттар?<br>**Тосын сәт.**<br>Айгүл қуыршақ келеді. Балалардан ойыншықтар туралы оның неден,қалай жасалатынын білгісі келетіні айтады.<br>**Ойыншықтар арқылы топқа бөлу.**<br>1-Топ Жұмсақ ойыншықтар<br>2-- топ Пластмасса ойыншықтар<br>3- топ Резеңке ойыншықтар<br>**Топтық жұмыс.**<br>Мнемотехника әдісі. Ойыншықтарды сипаттау. Әр топ балалары өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді.<br><br><br>**3- топқа тапсырма.**<br>Шығармашылық орталығында | **Ой қозғау.**<br>Күнделікті ойыншықтарымыздың неден жасалатынын білеміз бе?<br>**Мнемотехника әдісі** арқылы балаларға әр түрлі материалдан жасалған ойыншықтарды көрсету.<br>1.ағаштан<br>2.пластмассалы<br>3.матадан<br>4.резинадан<br>**Сюжетті рольдік ойын: «Дүкенші»**<br>Дүкенге немен барамыз?<br>Балалардың жауаптары.<br>Ал, балалар бұл қандай дүкен?<br>-Дүкенде не сатылады екен?<br>-Қараңдаршы, балалар дүкенде біреу бар екен, кім бұл?<br>-Дұрыс, дүкенші.<br>-Балалар, біз дүкеншіге не дейміз?<br>**Топтық жұмыс.**<br>Балалар дүкеннен ұнаған ойыншықтарын алады.<br>**Сергіту сәтті: Дидактиаклық ойын «Не жоқ?»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін, көру сезімін арттыру.<br>-Ал, енді біз, аялдамаға барып, автобусқа | Балалар жауаптары.<br>**1-тапсырма. Дьенеш блоктары.**<br>Мына Дьенеш блоктарын қағаз бетіндегі геометриялық фигуралар<br>орналастырыңдар.<br>-мына қағазда қандай геометриялық фигурадан тұратын пішіндер бар, алдымен қарап, атап көрелік.<br>-түстері қандай?<br>-Қалың ба жұқа ма?<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>**2-тапсырма**<br>Электронды тапсырма. (Компьютерден тапсырмаларды қосу) «заттар қай пішіндерге ұқсайды»<br>**3-тапсырма**<br>Сергіту сәті:<br>1- дегенде тұрайық,<br>2,3,4-алақанды соғайық.<br>Оң жаққа бұрылып,<br>Сол жаққа бұрылып,<br>Біз шынығып алайық.<br>Тапсырмаларды орындайды.<br>**Ойыншық дүкеніне келеді.**<br>«Заттар қандай геометриялық пішінге ұқсайды?» ойыны.<br>**Ойын: «Не үлкен?»**<br>**Демонстрациялық материал:** Текшелермен жұмыс.<br>– Бұл не?<br>– Қандай түсті текше? – Қай текше үлкен?<br>– Қай текше кіші?<br>(Осыны айта отырып | Балалардың жауаптары.<br>**Миға шабул**<br>Мен сендерге жұмбақ жасырамын, соған жауап берсендер «Ойыншықтар әлеміне» саяхаттаймыз.<br>Аяғы бар жүрмейді<br>Ауызы бар күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен<br>Тек сөйлеуді білмейді. (Куршақ)<br>**Поездбен саяхат.**<br>Айгүл қуыршақпен кездесу. Ойыншығын жоғалтып алып.<br>**Дидактикалық ойын:** «Айгүл ойыншығын іздейміз» (Столда ағаштан, резеңкеден және пластмасса мен шүберектен жасалған ойыншықтар тұрады.)<br>Айгүл қуыршақ қуанып балалармен қоштасады.<br>**Саяхатты жалғастыру.**<br>Екінші аялдамада<br>**Стол үстіндегі жұмыс.**<br>Сүйікті ойыншығымызды стол үстінде парақшаның қай жағында тұрғанын анықтаймыз. Және оны ұшбұрыш пішінімен белгілейміз.<br>Балалар тапсырманы орындайды.<br>**Саяхатты жалғастыру.**<br>Кейінгі аялдамамыз<br>**Құрастыру елі.**<br>Қиылған суреттерден ойыншықтарды құрастырады.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Балабақшаға оралу.**<br>Балалар сендерге саяхат ұнадыма?<br>Бүгін саяхат кімді | бақшам!<br>**«Доп лақтыру» әдісі** арқылы балалардан жыл мезгілін сұрау.<br>**Кубизм әдісі** (ойыншықтар)<br>Балалар кубикті лақтырып суреттегі ойыншық туралы айтып береді.<br>**Топқа бөлу.**<br>Әр түрлі суреттегі ойыншықтар арқылы.<br>**Дидактикалық ойын:** «Кімде қандай ойыншық бар?»<br>1-топ Доптар<br>2-топ Қуыршақтар<br>3-топ Қояндар<br>**Әр топқа тапсырма беру.**<br>1-топ доптарды таяқшамен бояу<br>2-топ қуыршақтарды восковый карандашпен бояу.<br>3- топ қояндар түрлі түсті карандашпен бояу<br>**Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету,түсіндіру.**<br>Балалардың жұмысы бақылау.<br>Жеке көмек. қиналған балаларға көмек қолын созып, бағыт-бағдар беріп отыру.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс жасау.<br><br>1-Топ Ермексаздан доп жасау.<br>2- топ Бояумен аю ойыншығын бояу.<br>3- топ Суреттегі жұмсақ ойыншықтарды қиып жапсыру.<br>Балалардың жұмысын бақылау. Мадақтау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Сағаттың тіліндей иіліп, солға бір,<br>Сағаттың тіліндей иіліп, оңға бір.<br>Оң аяқ, сол аяқ – жаттығу оңай-ақ. Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр,<br>Алға қарай бір адым,<br>Артқа қарай бір адым, Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық, Алақанды ұрайық.<br>**Топтық жұмыс.**<br>Суретпен жұмыс.<br>Ыдыстар.<br>Жеке атауын айтады.<br>**Қорытынды.**<br>Айгүл қуыршақ балаларға рахмет айтып қоштасады.<br>Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br>1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіру.<br>1,5м қашықтықтан тігінен нысанаға дәлдеп лақтыру.<br>Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу. | отырып, өз балабақшамызға оралайық.<br>Қорытынды.<br>Балалар, бүгін біз қайда бардық?<br>Онда не көрдік?<br>Қандай ойншықтар бар екен? Ал, қандай ойын ойнадық?<br>Сендерге ұнады ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>Жарайсыңдар , балалар!<br>Мадақтау.<br><br>**3.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша | текшелерді бірінің үстіне бірін қояды.)<br>Текшелерді салыстырады.<br>Қорытынды.<br>Сайқымазақ балаларға тапсырмаларды орындағандары үшін рахмет айтып қоштасады.<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>-топқа кім келді?<br>-қандай тапсырмалар алып келді?<br>-неге тапсырма алып келді?<br>-дүкенде не көрдіңдер?<br>Балалардың жауаптары<br>Смайлк көрсету арқылы аяқтау.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Ойыншықтар өлеңі. Н. Әлімқұлов.<br>**Мақсаты:** Ойыншық туралы тақпақтарды түсініп, есте сақтауға үйрету.<br>Ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** әртүрлі материалдан жасалған ойыншық түрлері<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Миға шабул.**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Аяғы бар, жүрмейді,<br>Аузы бар, күлмейді<br>Айнымайды бөпемнен,<br>Тек сөйлеуді білмейді.<br>-Дұрыс қуыршақ.<br>- Біздің бөлмемізде қандай ойыншықтар бар?<br>Балалардың жауаптары.<br>2) Ендеше Нұрсұлтан Әлімқұловтың | кездестірдік?<br>Ойыншықтың қандай түрлері болады екен?<br>Қандай сурет құрастырдыңдар?<br>Балаларды мадақтау.<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**3.Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** Қоян-менің сүйікті ойыншығым<br>**Мақсаты:** Ермексазды домалату,шымшу,жалпайту тәсілдерін қолдана отырып, қоянды мүсіндеуді үйрету, ұқыпты жұмыс жасауға дағдыландыру. Саусақ моторикасын дамыту.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:**ермексаз,тақтайшаүлгі, үлкен-кіші сәбіздер<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Біз ұқыпты баламыз<br>Айтқан тілді аламыз<br>Ойыншықтарды жинаймыз<br>Үлкендерді сыйлаймыз<br>**Миға шабул**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Ұзын құлақты, жылдам аяқты, сәбізді жақсы көретін, ол не?<br>**АКТ .**Қоян туралы түсінік беру.<br>қоянның қайда тіршілік ететіні, құлағы неге ұзын екені, қалай секіретіні, неге сұр қоян, ақ қоян деп аталғаны жайлы сұрап, өзі жауаптарды | Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>**Қорытынды.**<br>Балалардың салған суреттерін бағалау,мадақтау.<br>Айгүлге сыйлайық<br>3 шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыру.**<br>Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып жүгіру.<br>Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру..<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Доппен жаттығу.**<br>**Б**.қ.: 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Доп қолда. Допты оң жаққа қозғап, басты оң жақ иыққа қою. «Оң жақ» деп айту. Допты сол |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>Б.қ.: «Араның ұшуын бақылау»<br>1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту<br>Б.қ.: ««Диірмен»<br>2 . Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз.<br>Б.қ.: «Тарсылдақ»<br>3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, 1- аяқты тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.қ.<br>Б.қ.: «Шалтай-балтай»<br>4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады.<br><br>Б.қ.: «Қосаяқ»<br>5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру ( 10-15 секунд)<br>Тыныс алу жаттығулары: «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1.Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру | | «Ойыншықтар» өлеңімен танысып, жаттаймыз.<br>Өлеңді мәнерлеп оқу.<br>**Ойыншықтар**<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсақ, бұйырсақ,<br>Қуыршақтар ұйықтайды.<br>Айтқаныңнан шықпайды.<br>Бұзау, қозы құлыншақ.<br>«Ұйықта» десең, ұқпайды.<br>Тыңдамайды ұрысса,<br>Осылары дұрыс па?<br>Тентектігін қоймаса,<br>Тұрғызармын бұрышқа.<br>**Бір адым әдісі** арқылы тақпақты жаттау.<br>**Сұрақтар ілмегі әдісі.**<br>Балалар, өлең сендерге ұнады ма?<br>Өлеңде не туралы айтылған?<br>Ойыншықтармен қалай ойнау керек?<br>Ойыншықтар неден жасалады?<br>**Сергіту сәті**<br>Тік ұста бойыңды,<br>Жоғары соз қолыңды.<br>Соз қолыңды тағы да,<br>Жеткіз жираф мойына.<br>**«Ыстық орындық»**<br>Орындыққа ортған балаларға сұрақтар қою.<br>**Қорытынды.**<br>Балаларды мадақтау<br>**Бағдаршам әдіс** арқылы қорытындылау.<br><br><br>**3.Дене шынықтыру**<br>Кіші және үлкен қадаммен | толықтырып түсіндіру.<br>**Топқа бөлу.**<br>Үлкен-кіші сәбіздер арқылы<br>1- топ Үлкен қоян мүсіндейді.<br>2-топ кішкентай қоян мүсіндейді.<br>**Жұмыстың орындалу техникасын көрсету.**<br>1. Ермексазды жұмсарту;<br>2. Бөлшектерге бөлу;<br>3. Бөлшектерді домалатып қоянның басын жасатып, шымшып екі құлағын жасау<br>Балалардың жұмыстарын бақылау.<br>**Сергіту сәті:**<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды<br>Ойлы қырлы жерлермен<br>Ытқып ытқып секірді.<br>Жеке көмек.<br>**Қорытынды.**<br>**Галерея шаралау.**<br>**Өзара бағалау әдісі** арқылы қорытындылау**.** | жаққа қозғап, басты сол жақ иыққа қою.<br>«Сол жақ» деп айту.<br>Б.қ.: 2. Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды төмен түсіріп, қарын тұсынан бір-бірімен айқастырады, екі қолды бірдей жоғары көтеріп, алға еңкейеді, қолды иыққа дейін түсіріп, денені 90 градусқа бұрады, қолды жерге дейін түсіріп, бастапқы қалыпқа оралады.<br>Б. қ.: «Допты жалғастыр»<br>3. Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа созып, жоғары көтеру, допты келесі қолға салып, қайта екі жаққа созып төмен түсіреді<br>Б.қ.: 4.Доп жанда . Қол мен табанға сүйене отырып, допты айнала секіре еңбектеу.<br><br>Б.қ.: «Жоғары-төмен»<br>5. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда «Жоғары» дегенде допты жоғары созу, «төмен» дегенде тізені бүгу. Допты жерге тигізу.<br>Б.қ.: 6. Аяқтарын алшақ қою, доп қолда. Денені тік ұстайды. Аяқты алма кезек көтере секіру. /15-20 секунд/ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *2. Заттар арасымен доптарды домалату..*<br>*Қимылды ойын:*<br>*«Аттар» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | | *жүру және жүгіру. Табан мен алақанға сүйеніп төрт тағандап еңбектеу.*<br>*Гимнастикалық қабырға бойынша жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеу.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып жалпы дамытушы жаттығуларды жасату.*<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5* | | ***Тыныс алу жаттығулары.***<br>*«Ағаш жарамыз»*<br>*Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Гимнастикалық қабырға өрмелеу.*<br>*2.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.*<br>*Қимылды ойын:*<br>*«Торғай мен мысық» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>*.Балаларды мадақтау.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру*<br>*6. Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу.*<br>*2. Гимнастикалық скомейканың үстінен тіземен еңбектеп өту.*<br>*Қимылды ойын:*<br>*««Торғайлар» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киюін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека №7***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 8***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 9***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 10***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Картотека № 8***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Серуеннен оралу** | *Тазалық процедурасы.*<br>*Қолдарын сабынмен*<br>*жудыру,өз сүлгілеріне сүртінулерін талап ету, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу*<br>*Балаларға реттіліктен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Дастархан басында сөйлемей отырып, тамақтануға, қасықты оң қолға ұстауға баулу* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№ 7***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 8***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 9***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 10***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№11***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың** | *Балалармен жеке жұмыс.*<br>*Әңгіме құрастыру* ***«Әжең туралы әңгімелеп бере»***<br>*Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының* | *«Үстел ойындары»*<br>***«Көңілді кубиктер »***<br>***Мақсаты:*** *Кубиктерді пайдаланып, құрастыруға үйрету.* | *Үстел үсті театры:*<br>***«Қасқыр мен түлкі»***<br>***Мақсаты:****тапқырлыққа тәрбиелеу,ертегінің соңын өз қиялдары* | *Балалармен жеке жұмыс.*<br>***Тақпақ жаттау.***<br>***«Ойыншықтар».***<br>*Ойыншықтарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке* | ***Дидактикалық ойын: "Бұл не?".***<br>***Мақсаты****:Суретке қарап не зат екенін ажырата білу.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *атауларын білдіретін сөздермен байыту.* | *Балалармен жеке жұмыс. «р», «қ»дыбыстарын дқрыс айтуға үйрету.* | *бойынша аяқтау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалармен жеке жұмыс. Түстеріне қарай заттарды топтауға үйрету.* | *дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін.* | *Балалармен жеке жұмыс. "р" дыбысын дұрыс айтқызу жұмыстары жүргіре* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Таза ауаға серуен. Серуен № 11*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен. Серуен № 12*** *Картотека қосымша тіркелген* | ***Таза ауаға серуен. Серуен № 13*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен. Серуен № 11*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен. Серуен № 12*** *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу Ата-аналарға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескертті.* | *Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Жаңадан келген баланың анасымен сөйлесіп, мақтап, мадақтау. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.* |

# Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

**Өтпелі тақырып « Балабақшада»**

**Тақырыпша. «Менің сүйікті ойыншықтарым»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсету ***IY апта ( қыркүйек, 2021ж.)***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | *Дидактикалық ойын: « Жиһаз атауына сөйлем құрау». Мақсаты: түстерді ажырата білу, әр түрлі суреттер арқылы тілдерін дамыту.* | *Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру.* | *Дидактикалық ойын: « Жеке- жеке атын ата» ( кесе, қасық т.б.-ыдыс-аяқ) (алма, алмұрт, т.б.- жемістер) Мақсаты: ойлау қабілетін дамыту.* | *Дидактикалық ойын: « Жиһаздарды құрастыр» Мақсаты: 2-3 бөліктен құрастыруға үйрету.* | *Дидактикалық ойын: «Қай жиһаз жасырулы тұр» . Мақсаты: балалардың зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Қаңтар айының 1- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген***<br>***Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау*** | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын- жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені*<br>*Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!"*<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Шаттық шеңбері***<br>***Аспан ашық , көгілдір,***<br>***Күн шуағын төгіп тұр***<br>***Қол ұстасқан біздерді***<br>***Тереземнен көріп тұр.*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | ***1.Құрастыру.***<br>***Тақырыбы:*** *Орындық және диван.*<br>***Мақсаты:*** *Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру*<br>*Үй жиһаздарына ұқыпты қарауға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *құрылыс материалдары, үлестірмелі материалдар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біздің топта балалар,*<br>*Тату – тәтті ойнады.*<br>*Дос көңілді әрқашан,*<br>*Тек жақсылық ойлайды.*<br>***Ой қозғау.***<br>***Суретпен жұмыс.***<br>*-Балалар суретте не көріп тұрсыңдар?*<br>*-Олардың барлығын қалай атаймыз?*<br>*(Жиһаз)* | ***1.Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Үй жиһаздары.*<br>***Мақсаты:*** *Жиһаздар, тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру.*<br>*Байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:***<br>*қуыршақ, жиһаздар*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біздің топта ұл-қыздар,*<br>*Тату-тәтті ойнаймыз.*<br>*Әлемдегі бар адамға,*<br>*Тек жақсылық тілейміз.*<br>***Жыл мезгілін,апта күнін Мнемотехника әдісі*** | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Заттар тобын салыстыру.*<br>***Мақсаты:*** *Тең және тең емес заттар тобын салыстыруды, теңдікті орнатуды, салыстыру нәтижелерін «көп», «аз», «тең» сөздерімен белгілеуді үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *екі қуыршақ,алма, алмұрт суреттері.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*«Сәлемдесу»*<br>*Амансың ба, Алтын күн!*<br>*Амансың ба, Жер Ана!*<br>*Амансың ба, достарым!*<br>*Сендерді көрсем қуанам!*<br>*1)Жыл мезгілін,апта күнін сұрау.*<br>**1**.*Тосын сәт.*<br>*Екі қуыршақ келеді.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Балалар сендер нешеге дейін* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Жиһаздар*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға жиһаздар қалай,қандай материалдан жасалатынын және олардың қажеттілігі туралы айтып түсіндіру.*<br>*Жиһаздарды күтіп-баптап ұстауға,ұқыптылыққа,таза лыққа тәрбиелеу.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *жиһаздар*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Біздің топта ұл-қыздар,*<br>*Тату-тәтті ойнаймыз.*<br>*Әлемдегі бар адамға,*<br>*Тек жақсылық тілейміз.*<br>***Миға шабул***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Төрт аяғы болса да,*<br>*Етік киіп көрмеген.*<br>*Жалқаулығы соншама,*<br>*Аттап шықпас бөлмеден. (үстел)* | ***1.Сурет салу***<br>***Тақырыбы :****Топтағы шкафтар*<br>***Мақсаты.*** *Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:***<br>*әр балаға ақ қағаз,бояу,қылқалам*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>*Жыл мезгілін Мнемотехника әдісі арқылы сұрау****.***<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Болғанда бір ауызға екі қақпақ,*<br>*Еркінде адамзаттың ашып, жаппақ.*<br>*Қаншалық өрнек - өрнек азық - ауқат,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тосын сәт.<br>Білмеспек келеді.<br>Бімеспек:Балалар, маған бүгін достарым келетін еді. Ал менің үйімде жиһаз жоқ. Не істерімді білмеймін. Сендер маған көмектесесіңдер ме?<br>Балалар жауаптары.<br>**Түстер арқылы топқа бөлу.**<br>1-топ Қызыл түс Орындық құрастырады.<br>2- Көк түс Диван құрастырады.<br>Балалардың жұмысын бақылау.<br>**Сергіту сәті.**<br>Кәне, кәне, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ енді шеңберге, Алақанды ұрайық. Оң жақтағы балаға.(бір-біріне екі бала алақан түйістіреді)<br>Сол жақтағы балаға.<br>Шапалақта, шапалақ<br>Шапалақта, шапала<br>**Жеке көмек.**<br>**Мадақтау.**<br>**Дидактикалық ойын. «кім жылдам?»**<br>Ойынның шарты: балалар заттарды атаймын, сол заттардың ішінен тек қана жиһаздарды атағанда ғана қолдарыңды көтересіңдер.<br>**Қорытынды:**<br>Балалардың жасаған жұмыстарын білмеспекке сыйлау.<br>Білмеспекпен қоштасу.<br>Балалар қонаққа кім келді?<br>-Біз балалар, сендермен не құрастырдық?<br>-Олардың барлығын не деп атаймыз? | Күз мезгілі.<br>Сұрақтар ілмегі.<br>-Балалар сендер қандай үйде тұрасыңдар?<br>-Бөлмелерде не бар?<br>**АКТ пайдалану. Слайд**<br>-Не көріп тұрсыңдар?<br>Қандай жиһаздарды білесіңдер?<br>Жиһаздар неден жасалады?<br>Бұл жиһаздарды қалай күту керек?<br>**Тосын сәт.**<br>Қуыршақ Сәуле келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Сендерден көмек сұрап келеді. Үй жиһаздары туралы білігісі келетінін айтады.<br>-Көмектесеміз бе?<br>Онда мен сендерге сұрақ қояйын.<br>-Ас бөлмеге қандай жиһаздар керек.( Үстел, орындық, ыдыс сөресі)<br>-Жатын бөлмеге қандай жиһаздар керек.(шкаф, төсек, т/б)<br>-Қонақ бөлмеге ше?(Теледидар, диван, кресло)<br>**Жиһаз дүкеніне саяхат.**<br>Айгүлді жиһаздармен таныстыру.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Жиһаздар аламыз»<br>Балалардың жауаптары.<br>Қуыршақ Сәулемен | санай аласыңдар?<br>Қане санайықшы.<br>**.Дидактикалық ойын**:<br>«Қуыршақтарды салыстыру»<br>**3. АКТ Слайд.**<br>1.Карандаштарыды салыстыру.<br>2.Қоянның құлағы<br>**Тақтамен жұмыс**<br>«Салыстыру»<br>Алма, алмұрт<br>Аз көп ұғымдары<br><br>**4.Сергіту сәті.**<br>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі Кіп - кішкентай ағаштар,<br>Үп - үлкен болып өседі.<br>**Қорытынды.**<br>Қуыршақтармен қоштасу.<br>**Бас бармақ әдісі арқылы қорытындылау**<br><br>**2. Орыс тілі**<br>Педагог жоспары бойынша<br><br>**3.Дене шынықтыру.**<br>Тізені жоғары көтеріп жүру мен жүгіру. 50 см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.<br>**.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.<br>Баяу жүгіру, жылдам жүгіру | Мен жәйлімін, жұмсақпын,<br>Мені табу қиын емес- Ұнатады әжелер мен сәбилер Отыруға, жатуға.(Диван)<br>Кеш батты, шаршадың сен, ұйқың келді<br>Ұйқы бөлмеде күтіп тұр сені …(Кереует)<br>Жиһазды қалай күту керек?<br>**Мнемотехника әдісі**<br>Жиһаздар.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Қай бөлмеде қандай зат тұрады?»<br>Шарты:Бөлмелерді атап, онда тұратын заттарды атау.<br>**Ойын «: «Жиһазды құрастырамыз»**<br>.Тақтада жиһаздардың жарты бөлігі көрінбейді , сол жиһаздың бөлігін тауып көрсет<br>Балалар бөлшегін табады.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бейнетаспадан сергіту сәті<br>**Қорытынды.«**Не артық?» ойын арқылы қорытындылау.<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Сендерді бүгін мен смайлик арқылы бағалаймын.<br><br>**2.Музыка**<br>Педагог жоспары бойынша | Ішінде сол нәрсенің қойған сақтап.<br>Шкаф.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Шкаф неден жасалған?<br>Не үшін керк?<br>3)Слайд.<br>Жиһаздар<br>**Топқа бөлу**.<br>Түрлі түсті каранда, фломастер арқылы<br>**1-топ** Түрлі түсті карандашпен шкаф суретін бояу<br>**2- топ** Фломастермен шкаф суретін салып бояу.<br>**Сурет салудың әдіс тәсілін көрсету,түсіндіру.**<br>Жеке көмек.<br>**Сергіту сәті.**<br>Ал, балалар тұрайық,<br>(Орындарынан тұрады)<br>Мойынымызды бұрайық<br>(Мойындарын екі жаққа алма кезек бұру)<br>Қолымызды созайық,<br>Оңға, солға бір қарап, денемізді бұрайық.( оңға, солға бұрылады)<br>Дидактикалық ойын:<br>«Кім бірініш»<br>**Қорытынды.**<br>Галерея шаралу.<br>Балаларды мадақтау.<br>**Бас барамақ әдісі** арқылы қорытындылау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>1. Тізені жоғары көтеріп жүру мен жүгіру. 50 см жоғары көтерілген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балаларды мадақтау.*<br>*Көңілді смайктер беру.*<br><br>***2.Дене шынықтыру***<br>***1.*** *Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді басқа қимылдармен кезектестіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br><br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***Лентамен жаттығу***<br>*Б.қ.:*<br><br>*1. Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Лента төменде. Басты оңға бұрып, иекті иыққа түсіру және иекпен доға жасап басты ақырын көтеру және төмен түсіріп - көтеру. Әр қимылда «т-с-с-с-с» деп айту. Сол жақ иыққа да осылай жасалады. /4- рет қайталау./*<br>*Б.қ.*<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған, оң қолдағы лентаны – жоғарыға, сол жақтағыны – төменге сермеп отырып ауыстыру. /5 рет қайталау./*<br>*Б.қ.:*<br>*3. Аяқтары иық мөлшерінде,* | *қуанып балалармен қоштасады.*<br>***Қортытынды***<br>*Балалар, біз бүгін немен таныстық, не туралы әңгімелестік?*<br>*Жиhаздарды атаңдаршы?*<br>*Жиhаз бізге не үшін керек?*<br>*Жиhазды бүлдіруге бола ма?*<br>*Балаларды мадақтау*<br>***Бас бармақ әдісі***<br>*арқылы аяқтау.*<br><br><br><br>***2 Бәрін білгім келеді(В)***<br>***Тақырыбы:*** *Достар ертегісі*<br>***Мақсаты:***<br>*ертегі желісін мнемотехника тәсілі арқылы түсіндіру. Ертегіні сахналауды үйрету.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*«Менің көмекшілерім»*<br>*Мынау менің жүрегім,*<br>*Бәрі осында басталған*<br>*Мынау басым ақылды,*<br>*Барлық істі бастаған.*<br>*Мынау менің оң қолым,*<br>*Мынау менің сол қолым*<br>*Барлық істі атқарған.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру*<br>*Сұрақ-жауап* | ***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Б. қ: «Мазақтау»*<br>*1. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары төменде. Басты оң жақ, сол жақ иыққа қою. «А-я-я-я-й» сөзін айту. /5 рет қайталау/*<br>*Б. қ.: «Дымбілмес»*<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде. Оң және сол иықты көтеріп- түсіру. Иықты көтергенде «білмеймін» сөзін айту, / 6 рет қайталау/*<br>*Б.қ.: «Міне-міне»*<br>*3. Аяқтары алшақ қойылған. Алдыға еңкейіп, қолдарды артқа тығу, денені тік ұстап, қолды алдыға созып алақанды жоғары ұстап көрсету «Міне-міне» сөзін айту. /5 рет қайталау./*<br>*Б.қ.: «Тіземен дөңгелек жасау»*<br>*4. Кеуденің жоғарғы бөлігін сәл еңкейіп, қолдарын тізеге қою; тізесін бүгіп солға қарай (сағат тілімен), одан кейін оңға қарай (сағат тіліне қарсы) дөңгеленіп айналады. /6 рет қайталау/*<br>*Б.қ.: «Секір, жүгір»*<br>*5. Орнында тұрып, қол белде 8-10 рет секіріп, жүру. /6 рет қайталау./*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды белге қояды, демді ішке біртіндеп тартады, «Ку-ку, Ку-ку» деп* | | *арқанның астынан оң және сол бүйірмен алға еңбектеп кіру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек-кезек көтеру*<br>*3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br><br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *лenталар жанда, тік тұрып, аяқты иық деңгейінен сәл алшақ ұстайды, алақанның сырт жағымен белден ұстап, денемен жартылай шеңбер жасайды. /5 рет қайталау./*<br>*Б.қ.:*<br>*. Аяқтарын алшық қою, лenталар екі жақта. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып қою керек. /5 рет қайталау./*<br>*Б.қ.:*<br>*5. Төрт тағандап тұрып, қолды, аяқты бүгу және жазу керек..*<br>*Б.қ.:*<br>*6. Аяқтарын алшақ қою, лenталар жанда; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру. Тыныс алу жаттығулары: түзу тұрып, аяқтарын иық деңгейлерінде қою; қолдарын жоғары көтеріп тартылу, демін ішке жұту, рет - ретімен қолдарын, иықтың тұсын, иығын, басы, денесін төмен түсіру, демін сыртқа шығарады.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.*<br>*2. Кішкентай қапшықтарды алысқа лақтыру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Өзіңнің сыңарыңды қуып жет» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>*Тыныс алу жаттығу.*<br>***«Ауа шары»*** | *Бұлардың бәрі қандай жануарлар?*<br>*Қайда өмір сүреді?*<br>*1. Үйшік ертегісі туралы түсінік беру.*<br>***Ой қозғау. Мнемокесте әдісі***<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*Үйшікті не тауап алады?*<br>*Оларға тағы нелер келеді?*<br>*Аюды олар қалай қабылдайды?*<br>*Достық дегеніміз не?*<br>*Үйшік қалай құлады?*<br>***Ой дамыту***<br>*2.Бет перде киіп ертегіні сахналау*<br>*Ертегі кейіпкерлерінің қимыл қозғалысын дұрыс сомдай білу.*<br>***Қортынды сұрақ-жауап.***<br>*Үйшікті жануарлар қалай құрды?*<br>*Достықтың арқасында*<br>*Бірлік туралы мақал-мәтелдер.*<br>*-Бірлік болмай тірлік болмас.*<br>*- Бірлік түбі ынтымақ.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3.Муызка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*жаттығулары*<br>*-Гимнастикалық орындық үстімен қолға зат ұстап жүру.*<br>*-Еденге тік қойылған шығыршықтан еңбектеп өту.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Аттар» ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | | *6. Терең дем алу*<br>*Балаларға аяқ ұшымен, сыртқы және ішкі жағымен жүруді, сапта жеке, жұппен, қолды жоғары, төмен жан-жаққа созып жүруді үйрету.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Гимнастиқалық орындық үстімен қолға алма не алмұрт ұстап, тепе тендік сақтап жүру.*<br>*2 Заттардың арасынан төрт тағандап енбекте у*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Аққу- қаздар».ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>*Тыныс алу жаттығу.*<br>*Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту.*<br>*Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 10 Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Картотека № 11 Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Картотека №12 Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Картотека №13 Картотека қосымша тіркелген.*** | ***Картотека №14 Картотека қосымша тіркелген.*** |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі,<br>Сабынмен қол жуамыз,<br>Таза болды мұнтаздай,<br>Тағамға қол созамыз.<br>Балаларға реттіліктпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жеуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№10***<br>*Күн.*<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№11***<br>*Жел*<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№12***<br>*Көздерім тұрыңдар*<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№13***<br>*Күн*<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№14***<br>*Жел*<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Мазмұнды- рөлді ойын: «Жиһаздар»*<br>*Мақсаты: Жиһаз туралы білімдерін жетілдіру. Рөлге бөліп ойнауға тәрбиелеу.*<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>*Мақсаты: сурет салу оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.* | *Үстел үсті ойыны: «Жиһаздарды орналастыр»*<br>*Мақсаты: үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.*<br>***Дидактикалық ойын жаттығуы:*** *«Дұрыс, бұрыс»*<br>***Мақсаты:*** *Тәрбиеші . сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.* | *«Жұмбақтар»*<br>*Мақсаты: Жиһаздар туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.*<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>*Түстерді ажырат.*<br>***Мақсаты:*** *түстерді ажыратуға үйрету* | *Дидактикалық ойын: «Төртінші артық»*<br>*Мақсаты:Жиһаздарды ажырата білуге үйрету.*<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>*«Сиқырлы пішіндер»*<br>***Мақсаты:****пішіндерді ажырата білуді үйрету.* | *«Жиһаз» тақырыбында әңгімелесу.*<br>*Мақсаты: Жиһаз туралы әңгіме айтып беруге үйрету.*<br>***Жеке баламен жұмыс:***<br>*«Құстарне үшін қажет»*<br>***Мақсаты:*** *Құстар туралы білімдерін бекіту.* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №14*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен № 15*** *Картотека қосымша тіркелген* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен № 16*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №15*** *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.*** ***Серуен №17*** *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балаларды ң үйге қайтуы** | *Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.* | *Ана – аналармен әңгімелесу. Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелеу.* | *Ата-аналармен баланың ынтасы, қызығушылықтары туралы әңгімелесеу* | *Ата-аналарға үйдегі жиһаздар неден , қалай жасалады, сол туралы балалрмен әңгімелесуді айту.* |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Өтпелі тақырып «Менің отбасым»**
**Тақырыпша. «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсету ***I апта ( қазан, 2021ж.)***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу | *Балалардың көңіл-күйін бақылау.дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс.*<br>***Ата-аналармен жұмыс:***<br>*«Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.* | | | | |
| Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | ***Дидактикалық ойын.***<br>***«Кім жылдам?» Мақсаты:*** *Отбасы мүшелерін ажыратып, оларды дұрыс атай білуге машықтандыру. Балалардың создік қорын байыту.*<br>***Еңбек:****Тәрбиешімен бірге жуылған ойыншықтарды ретімен қою.*<br>*Мақсаты: Еңбекке деген қызығушы-лықтарын арттыру* | ***Фотосуреттер қарастыру «Менің отбасым».***<br>*Фотосуретте бейнеленген отбасы мүшелерін атау.* | ***«Затты сипаттау»***<br>***Мақсаты:***<br>*Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын байыту.* | ***«Жер, су, ауа»***<br>***Ойын мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру*<br>***Еңбек:****Тәрбиешімен бірге жуылған ойыншықтарды ретімен қою.*<br>*Мақсаты: Еңбекке деген қызығушы-лықтарын арттыру.* | ***«Гүлдер біздің досымыз»***<br>***Мақсаты:***<br>*балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру..* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Қазан айының 1 –аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген.***<br>***Мақсаты.*** *Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету* | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау***<br>***Ойын- жаттығу :*** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені*<br>*Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!"*<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>***Көк аспанда күн күлсін,***<br>***Бірге күлсін бүлдіршін.***<br>***Көк аспанда күн күлсін,***<br>***Жерге ұдайы нұр құйсын.*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***1Қоршаған ортамен танысу.***<br>***Тақырыбы:*** *Менің отбасым.*<br>***Мақсаты:*** *Отбасылық суреттерді қарастыру. Отбасы мүшелеріне сыйластықпен қарауға тәрбиелеу*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Отбасы суреттері,күн,гүл,ағаш суреттері әр балаға*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Қандай жақсы бір тұру*<br>*Достарыммен бір жүру*<br>*Қайырлы күн, Жер-Ана*<br>*Қайырлы күн достарым*<br>*Жыл мезгілін сұрау.*<br>*Мнемотехника әдісі «Күз»*<br>***Миға шабул***<br>***Жұмбақ***<br>*Маған да, саған да,*<br>*Жақын туыс бес адам.*<br>*Үш әріптен тұратын.*<br>*Оңға оқы, солға оқы.*<br>*Өзгермейді еш онда.*<br>*Бәрі- де өз жұртың.* | *1.* ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:*** *Менің отбасым (сурет бойынша әңгіме)*<br>***Мақсаты:*** *Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Өзінің отбасы мүшелерінің бір-біріне қалай көмектесетіндіктері жайлы сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Отбасы суреті,кубик, желім,қайшы, түрлі түсті карандаштар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Е. Өтетілеуұлы.*<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға,*<br>*«Қайырлы таң!»- деймін мен.* | ***1. Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Әртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу.*<br>***Мақсаты:*** *Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *Әр балаға(екі жолақ қағаз: жасыл – 20 см, ақ –15 см), : (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлыншақ), 3 аю бөшке суреттері*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>*Сен – досымсың, мен – досыңмын.*<br>*Қол ұстасып тұрамыз,*<br>*Күлімдесіп қараймыз.*<br>*Балалардан жыл мезгілін,ай атын апта күнін сұрау.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Білмеспек келеді.*<br>*Қолында қорап.* | *1.* ***Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Мол өнім*<br>***Мақсаты:*** *Көкөністер мен жемістер туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыра білуге үйрету. Қоршаған табиғатқа қызығушылығын қалыптастыру.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *көкөністердің ,жемістердің муляждары, себет,қуыршақ, көкөніс суреттері.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Бақшамызға барамыз,*<br>*Досымызды табамыз.*<br>*Сәлемет пе, міне мен,*<br>*Доспын енді сенімен*<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Балалар: Күз*<br>***Мнемотехника әдісі***<br>*Суретке қарап күзде қандай өзгерістер болатынын айтады.*<br>***Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Хатшы хат әкеледі.* | *1.* ***Сурет салу***<br>***Тақырыбы:*** *Менің отбасым.*<br>***Мақсаты:*** *Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету. Ұсақ қол қимылдарын дамыту.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:*** *отбасы суреті,бояу, қылқалам, қағаз, су, әр түрлі карандаштар.*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Бақшамызға барғанда*<br>*Жолыққан бар жандарға.*<br>*Ертемен ақ пейілмен,*<br>*«Қайырлы таң» деймін мен*<br>***«Доп лақтыру әдісі»***<br>*Жыл мезгілі,ай атын,апта күнін сұрау.*<br>***Суретпен жұмыс***<br>*Отбасы.*<br>***Сұрақтар ілмегі .-*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Айтады, қане кім атын?<br>-Ендеше бұлардың барлығын біз қалай айтамыз?<br>**АКТ технологиясы**<br>**Отбасы**<br>**Сергіту сәті.**<br>Бас бармағым әкем.<br>Балан үйрек шешем.<br>Ортан терек ағам<br>Шылдыр шүмек апам<br>Кішкене бөбегім мен.<br>**Дидактикалық ойын: Ойын :** «Отбасыңды неге теңейсің?»<br>**Ойынның шарты:**Біздерге бірнеше суреттер берілген, отбасын қандай жақсы нәрсеге теңегіміз келсе,сол суретті көтеріп көрсетеміз.<br>  <br>**Қорытындылау :**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>Кімдер туралы әңгімелестік?<br>Бас бармақ әдісі<br>қорытындылау.<br><br>**2. Дене шынықтыру.**<br>Орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу. 2-3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру.<br><br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру. | Күндіз де елді елеймін:<br>«Қайырлы күн!»-тілеймін.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>**Үнтаспадан** «жарығым», «ботам», «құлыным», «күнім» деген сияқты жылы сөздер тыңдату.<br>Ашық сұрақтар<br>Балалар, қалай ойлайсыңдар осындай жылы сөздерді сендерге кімдер айтады?<br>-Ал осы адамдарды бір сөзбен кімдер деп айтамыз?<br>Балаларды мадақтау.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Отбасы.»<br><br>**Кубизм әдісі.**<br>Балалар кубик лақтыру арқылы отбасы мүшелері туралы айтып береді.<br>**Ойын: Кім екенін тап?**<br>Бір бала шығып, отбасы мүшелеріне қатысты адамдарды ым-ишарамен (мимикамен), қозғалыспен көрсетеді.<br>Басқа балалар шешуін табады.<br>Мысалы:<br>Анасы кір жуып жатыр. | Қорапты ашып көрейік.<br>Ішінде таспасы бар қорапты үстелге қою.<br>**Салыстыру.**<br>«Ұзын-қысқа » (екі жолақ қағаз: жасыл – 20 см, ақ –15 см).<br>Балалар орындарында отырып салыстырады.<br>**«Құлыншақты дұрыс қой» ойыны.** Үлестірмелі материал: (жолақтар: қызыл – 10х3 см, көк – 15х3 см, 4 құлыншақ).<br>Қай жолақ қысқа, ал қайсысы ұзын екенін салыстырып көріңдер.. Қысқа жолаққа бір құлыншақты, ал ұзын жолаққа көп құлыншақты қоюларын ұсыну<br>– Бір құлыншақ тұрған жолақ қысқа ма, ұзын ба? -Көп құлыншақ тұрған жолақ ұзын ба, қысқа ма?<br>Балалардың жауаптары.<br>**«Жете ме» ойыны.**<br>**Тақтамен жұмыс.**<br>**Сұрақтар ілмегі.**<br>үш аю бейнеленген суретке және екі бөшкесі бар тәрелкеге аударау.<br>-Қонжықтарға бөшкелер жетті ме?<br>-Қайсысы көбірек – қонжықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме?<br>-Олар бірдей болу үшін не істеу керек?<br>-енді қанша бөшке болды?<br>-Қайсысы көбірек: қонжықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме? | **Ой қозғау**<br>Хат кімнен келді?<br>Айгүл көмекке шақырып жатырған.<br>Айгүлге немен барамыз ?<br>**Сиқырлы сөз:**<br>Қәне, қәне, айтайық<br>Айя бағына, барып қайтайық!<br>Амандасады.<br>Айгүл бау бақшадағы жеміс пен көкөністерді ажыраталмай жатырған.<br>Көмектесеміз бе?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Балаларға көкөністер мен жемістер туралы үн таспа көрсету.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Айгүлге көмек».<br>**Мақсаты :**Көгөніс пен жемісті сипаттауы бойынша тауып, себеткек муляждарды жинайды.<br>**Сергіту сәті**<br>Алма баққа барамыз, (Бір орнында жүреді, қолдары белдерінде)<br>Алма теріп аламыз, (Қолдарын жоғары созып, алманы жұлғандай қимыл жасайды).<br>Ең үлкен алманы (құлаштарын сермеп, алманың үлкендігін көрсетеді).<br>Анамызға сыйлаймыз. (алманы ұсынып жатқан қимылды жасайды).<br>**Дидактикалық ойын:**«Сабағы мен тамыры».<br>Шарты: көкөніс атын естісе отырады, жеміс атын естісе қолдарын жоғары көтереді.<br>Жемістерді жинап болған соң | Балалар суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?<br>- Бір сөзбен қалай атауға болады?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Топқа бөлу.**<br>**Ата, әже суреттері арқылы.**<br>Балалар өздеріне ұнаған суреттерді алып орындыққа отырады.<br>**1-Топ** Ата.<br>Ұл бала суретін салады.<br>**2-Топ** Әже<br>Қыздың суретін салады.<br>**Жұмыстың орындалу техникасын көрсету, түсіндіру.**<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>**Сергіту сәті:**<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қолды белге қоямыз.<br>Бұрыламыз оңға бір,<br>Бұрыламыз солға бір.<br>Балаларға жеке көмек көрсету.<br>**Қорытынды.**<br>**Галереяны шарлау әдісі.**<br>Бірін бірін бағалау. Бас бармақ әдісі арқылы.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Ойлы-қырлы тақтаймен жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтап бөренемен жүру. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Доппен жаттығу.**<br>1. Аяқтары алшақ қойылған, доп қолда. Допты жоғары көтеріп, төбеге қарау«жоғарыда» деп айту. Допты төмен түсіріп, жерге қарау «төменде» деп айту.<br>Б.қ.:<br>2. Аяқтар алшақ қойылған, доп қолда. Оңнан – солға, солдан-оңға қарай бұрылу, әр бұрылған сайын « көрдім» деп айту.<br>Б.қ.:<br>3. Аяқтары бірге. Доп қолда, денені тік ұстау. Оң жақ тізені көтеріп допқа тигізу «тиді» деп айту. Сол жақ тіземен кезек қайталау. /<br>Б. қ.:<br>4. Аяқтың ұшымен тұрып, доп жанда. Қолды жоғары-төмен «аққудың» қанаты сияқты жасау.<br>Б. қ.:<br>5. Аяқтарын біріктіру. Доп қолда. Орнында секіру.<br>Қорытынды:<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>«ұйқыдағы мысық» «п-ы-р, п-ы-р»деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Басқа қап киіп, заттарды аттап өту, бұрылу.<br>2.Қос аяқпен секіру.<br>**Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық | Әкесі отын жарып жатыр.<br>Шығармашылық орталығындағы жұмыс.<br>**Топқа бөлу.**<br>**1-топ** Өзіне ұнаған суретті іріктпен алып, «Мен және менің жақындарым» тақырыбында коллаж құрастыру.<br>**2- топ** Өзің тұратын үйіңнің суретін салу.<br>**Қорытынды** балаларға сұрақтар қояды.<br>– Бүгін не үйрендік?<br>**Шапалақ әдісі** арқылы қорытындылау. Оқу қызметіне белсене қатысқан балаларды күліп тұрған жұлдызша беру.<br><br>**2.Бәрін білгім келеді (В)**<br>**Тақырыбы:** Баланың айласы<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні оқып, мазмұнын түсіндіру. Жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету. Берілген рольді қызығушылықпен орындау қабілеттерін жетілдіру.<br><br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** ертегі | **Саусақ жаттығуы:**<br>«Отбасым».<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз:<br>Ата, әже, әке, шеше, мен.<br>Алақай! Біз бесеуміз<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Тең-тең емес»<br>**Қорытынды.**<br>3 Шапалақ әдісі арқылы қорытындылау.<br><br>**2. Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:**<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>**Мақсаты:**Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету,тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақ, отбасы суреті,отбасына керек суреттер<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбер**<br>Ә.Қонарбаевтың «Бала, бала, балақан» әні орындалады. Балалар шаттық шеңберінде өлеңді қайталап, оның мазмұнына сәйкес қимыл-қозғалыспен жасайды.<br>**Әңгіме жүргізу.**<br>-Балалар, біздің шаттық шеңберіміз неге ұқсайды?<br>Балалардың жауаптары.<br>**Қызығушылықтарын ояту.**<br>Айгүл қуыршақ келеді.<br>Балалармен амандасады.<br>Тапсырма әкеледі. | Айя мен қош айтысып бақшаға қайтады.<br>**Сиқырлы сөз:**<br>Қәне, қәне айтайық,<br>Бақшамызға қайтайық.<br><br>**Қорытынды.**<br>Балалар біз бүгін қонаққа қайда бардық?<br>Қандай жемістермен, көкеністермен таныстық?<br>Балаларды мадақтау.<br>**«Төртіншісі артық»** ойынын арқылы аяқтау.<br>Лимон, мандарин, апельсин, **қияр.**<br>Ананас, **саңырауқұлақ**, алма, алмұрт.<br>Алмұрт, алма, сәбіз, киви.<br>Балаларды мадқтау.Көңілді смайлктер беру.<br><br>**2.Жапсыру.**<br>**Тақырыбы:** Менің үйім<br>**Мақсаты:** Пішіндерді қағаз бетінде орналастыра білуге үйрету. Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білу дағдыларын дамыту.<br>**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Түлі түсті қағаздар, қайшы, қарындаш, желім , пішіндер,үй үлгісі<br>**Оқу қызметінің барысы:**<br>**Шаттық шеңбері:**<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>**Қызықтыру сәті.**<br>Азамат қуыршақ келеді. | **І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру.<br>Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>**Жалаушамен жаттығу.**<br>1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.<br>2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен. .<br>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу.<br>4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру. 10 рет.<br>5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу.<br>6.Б.қ жалау кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.<br>**Тыныс алу жаттығулары:** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | ***1.Қоршаған орта*** <br> ***Тақырыбы:*** *Аралар әлемі* <br> ***Мақсаты:****Ара жәндігі туралы білімдерін кеңейту. Ара жәндігінің тіршілігі, адамға пайдасы мен зияны жайлы түсінік беру.* <br> ***Әдіс-тәсілі:*** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, жұмбақ жасыру, ойын* <br> ***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, жәндіктер туралы суреттер, араның суреті* <br> ***Шаттық шеңбері*** <br> *Кел балалар, күлейік!* <br> *Күлкіменен түлейік!* <br> *Күлкі көңіл ашады!* <br> *Күліп өмір сүрейік!* <br> ***Жұмбақ жасыру:*** <br> *Гүлдерге қонады* <br> *Шырынын сорады* <br> *Түр-түсі сары ала* <br> *Бұл не сонда?* <br> *Жұмбақта не жайлы айтылған.* <br> *Аралардың үйін (Омарта) дейміз.* <br> *Аралар дәмді не арқылы сезеді?* <br> *Қалай ойлайсыңдар, ара пайдалы жәндік пе, зиянды жәндік пе?* <br> ***«Аралар » ойыны*** <br> ***Мақсаты:*** *балалардың* | ***1.Сөйлеуді дамыту*** <br> ***Тақырыбы:*** *«Жәндіктер әлемінде»* <br> ***Мақсаты:*** *Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Жәндіктер әлеміне деген қызығушылығын ояту, табиғатқа сүйіспеншілік пен қарауға тәрбиелеу.* <br> ***Әдіс-тәсілі:*** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап, жұмбақтар жасыру* <br> ***Көрнекі құралдар:*** *слайд, жәндіктердің суреттері* <br> ***Шаттық шеңбері*** <br> *Армысың, Алтын күн!* <br> *Армысың , Жер Ана* <br> *Армысың, достарым!* <br> *Сендерді көрсем қуанам* <br> *Қазір жылдың қай мезгілі?* <br> *Балалар: Қазір жылдың көктем мезгілі* <br> *Дұрыс, көктем мезгілі. Көктемде балалар, айнала құлпырып, құстар ән салады, гүлдер өседі. Күн жылынып, адамдар жеңіл киіне бастайды. Ал , шөптің арасында нелер пайда болады? Мынау не? (Слайд арқылы таныстыру)* | ***1. Математика негіздері*** <br> ***Тақырыбы:*** *Ұядағы аралар* <br> ***Мақсаты:*** *Балаларға математикалық ұғымдарды түсіндіру. Көп- аз және салыстыру ұғымдарын бекіту* <br> ***Әдіс-тәсілі:****көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын* <br> ***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, аралардың суреті* <br> ***Шаттық шеңбері*** <br> *Аспан түрді түндігін,* <br> *Жерге сәуле жайылды.* <br> *Неткен ашық күн бүгін,* <br> *Қайырлы таң, қайырлы!* <br> ***Тосын сәт:*** *Омарташы қонаққа келеді. Балалар менің ұямдағы аралардың өптігі соншалық оларды өз ұяларына бөліп сала алмай отырмын. Соған көмектерің керек еді.* <br> ***Топтарға бөліну.*** <br> *1- топ «Білгірлер»* <br> *2- топ «Алғырлар»* <br> *3- топ «Тапқырлар»* <br> *Балалар топтарға бөлініп жұмыстанады.* <br> ***Дидактикалық ойын «Көп-аз»*** <br> ***Мақсаты:*** *Көп, аз салыстыру ұғымдарын бекіту.* <br> ***Сұрақтар ілмегі:*** <br> *Сонымен балалар аралардың қандай пайдасы бар?* <br> *Аралардың үйін қалай* | ***1.Жаратылыстану*** <br> ***Тақырыбы:*** *«Ормандағы жәндіктер»* <br> **Мақсаты:** <br> *Жәндіктер (қоңыз, көбелек, шыбын,құмырсқа) туралы түсінік беру. Топқа бөліп жұмыс жасау.* <br> ***Әдіс-тәсілі:*** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап* <br> ***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, жәндіктер суреттері* <br> ***Ғажайып сәт:*** <br> *Балалар мен сендерді «Жәндіктер әлеміне» апарғым келеді.(Слайдтағы экологиялық соқпақ сурет сілтемесіне назар аударамыз)* <br> ***Ой қозғау:*** *Балалар мына суретте қандай жәндіктер бар? Жәндіктердің бір ортақ белгісін тауып айтыңыздаршы? Жәндіктер немен қоректенеді? Көздерімізді жұмайық. (табиғатқа ұқсас әдемі әуен орындалады)* <br> *Міне орманға да келдік.* | ***1.Сурет*** <br> ***Тақырыбы: «Қаңқызы»*** <br> ***Мақсаты:*** <br> *Тақырып бойынша түсінік беру.Дәстүрден тыс сурет салудың әдісі (мақта таяқшасы) бойынша бейнелеуге үйрету.* <br> ***Әдіс-тәсілі:*** *психологиялық тренинг, әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап* <br> ***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, жәндіктердің суреттері* <br> ***Шаттық шеңбері*** <br> *Алдымыздан кезіккен Көп таныстыы көреиз* <br> *Бәріне де ізетпен* <br> *Иіліп сәлем береміз* <br> ***Психологиялық тренинг:*** *Балалар көзімізді жұмып, алақанымызды ашып тұрамыз ол жәндік алақандарыңа өзі қонады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *шапшаңдықтарын арттыру.*<br>***Шарты:*** *аралар сияқты дыбыс шығарып, қимылдар жасау арқылы омартаға жету.*<br>*Бастамас бұрын балалармен пікірталас жүргізу. (Слайд арқылы)*<br>*Гүлзардағы гүлдерден қандай araларды көрдіңдер?*<br>*Олар қалай ызылдайды?*<br>*Аралар гүлдерден бал жинайды*<br>*Оны аюжақсы көреді.Ол омартадағы балды жеуге тырысады. Аралар оны жолатпайды.(балалар ыз-ыз-ызыңдағанын келтіреді)*<br>***Көзге жаттығу:***<br>*Аралар сендермен ойнағысы келеді. Сендер олардың ызыңдап қалай ұшатынын байқап, көздеріңмен ілесіп отырыңдар. Аралар жоғары, төмен, оңға, солға ұшады.*<br>***Ойын:«Қиынды суреттер»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру*<br>***Шарты:*** *Қиынды суреттер арқылы араның бейнесін құрастыру.*<br>***Ой тастау:***<br>*Егер жәндіктер жер бетінен мүлдем жойылып кетсе не болар еді?*<br>*Олар жазда көп бола ма?*<br>*Жәндіктер қайда қыстайды?*<br>*Кейбіреулері құрт, қуыршаққа айналады.Кейбіреулері тасалау жерге тығылып, ұйқыға кетеді*<br>*Ұоқ қорытындылау.* | ***Жұмбақтар сыры:***<br>*Екі басы жұдырықтай*<br>*Белі қылдырықтай*<br>*Инесі жоқ, жібі жоқ*<br>*Шілтер тоқыр міні жоқ*<br>***Таңғажайып сәт:***<br>*Қонаққа жәндіктер келеді.*<br>***Топтарға бөліну:***<br>***1- топ***<br>***Құмырсқа тобы:***<br>*Менің атым-құмырсқа*<br>*Шаршамаймын жұмысқа*<br>*Дән тасимын жаз бойы*<br>*Демаламын мен қыста*<br>***2- топ Инелік тобы:***<br>*Ұзын құйрық инелік*<br>*Инелікке тимелік*<br>*Вертолетті жасады*<br>*Иненіктен үйреніп*<br>***3- топ Аралар тобы:***<br>*Гүлден сорып, бал жинап*<br>*Терлеп жанын қинайды*<br>*Және өзіне жиғанын*<br>*Адамдарға сыйлайды*<br>*Балалар топтарға бөлініп жұмыстанады.*<br>*Топтардың жұмысын қадағалау.*<br>***Сергіту сәті***<br>*Дос болайық көбелек*<br>*Жайнап тұрған бақшамда*<br>*Гүлдерімді тере кет*<br>*Жаңбыр жаушы себелеп*<br>*Тақияның астына*<br>*Тығыла ғой көбелек*<br>***«Көңілді доп» ойыны***<br>***Мақсаты:*** *Сұрақтар арқылы бала ойын дамыту.*<br>*Сұрақ-жауап:* | *атаймыз?*<br>*Сергіту сәті:*<br>*Орнымыздан тұрамыз*<br>*Қолды белге қоямыз*<br>*Бұрыламыз солға бір*<br>*Бұрыламыз оңға бір*<br>*Біз мейірімді баламыз*<br>*Тату-тәтті боламыз*<br>*Жаттығулар жасасақ*<br>*Жақсы серігіп қаламыз*<br>***Ойын: Ұядағы аралар***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Салыстыра білуге үйрету.*<br>***Шарты:*** *Картоннан жасаған ұяға араларды жинап салу*<br>*Балалардың жинаған араларын Омарташыға беру. Қонақпен қоштасу*<br>***Бес жолды өлең***<br>***Не?*** *Ара*<br>***Қандай?*** *Сары ала, шапшаң*<br>***Не істейді?*** *Ұшады, ызылдайды, бал жинайды*<br>***Сөйлем*** *аралар адмдарға бал жинайды*<br>***Синоним*** *жәндік*<br>***Қорытынды.***<br>*Рахмет, балалар! Сендер тапсырмалардың барлығын жақсы орындадыңдар. Балаларды мақтап, жұлдызшалар беру.*<br><br>***2.Білім беру саласы: Қатынас***<br>***Бөлімі: Көркем әдебиет***<br>***С.Қалиев*** *«Құмырсқа» өлеңі*<br>*Мақсаты: Құмырсқа туралы мәлімет беру. Өлең жолдарын* | *Серігіп алайық бәріміз.*<br>***Дидактикалық жаттығу: «Гүлдерді жина»***<br>*(әуен қосылы тұрады. Балалар түстеріне қарай гүлдерді жинайды.)*<br>*Кенет дауыс естіліп, бұл кімдер шулап жүрген деді.*<br>***Балалар:*** *Бұл біз балабақшада келдік*<br>***Сиқырлы дауыс:*** *Неге шулап жүрсіңдер?*<br>*Орманға тыныштық керек.*<br>***Тәрбиеші:*** *Сиқырлы дауыс бізді бір жолға кешіріңізші.*<br>***Сиқырлы дауыс:*** *Екі тапсырмам бар.Орындасаңдар үйлеріне жіберемін*<br>***Жұмбақ жасыру:***<br>*Тыру-тыру тырналар*<br>*Тауға қарай жорғалар (аралар)*<br>*Қызыл көйлек кигені*<br>*Ұсақ қызыл түймелі (қаңқызы)*<br>*Гүл ұшып , гүлге қонады*<br>*Гүл бақшам гүлге қонады. (көбелек)*<br>*Екі басы жұдырықтай,*<br>*Белі қылдырықтай (Құмырсқа)*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Қане қанат жасайық*<br>*Көбелекке ұқайық*<br>*Көбелек боп ұшайық.*<br>*Ұшып-ұшып алайық*<br>*Гүлдерге ақырын қонайық* | ***Сұрақтар ілмегі***<br>*Қолдарымызға қандай жәндік қонды?*<br>*Қаңқызының түсі қандай?*<br>*Қаңқызы қалай қорғанады*<br>*Немен қоректенеді?*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Аяқпенен топ-топ-топ*<br>*Ал қолменен хлоп-хлоп-хлоп*<br>*Бір оңға, бір солға*<br>*Айналайық кел мұнда*<br>*Қолымызды бір сілтеп,*<br>*Басымызды шайқайық*<br>*Бір оңға, бір солға*<br>*Бұрылайық кел мұнда*<br>***Дәстүрден тыс мақта таяқшалары арқылы жұмыс жасаймыз.***<br>*Дидактикалық ойын: «Ең әдемі қаңқызы» көрме*<br>*Қорытындылау.*<br>*Балалардың жұмысын мадақтау.*<br><br>***Білім беру саласы:*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Балаларды бағалау.*<br><br>***2.Дене шынықтыру***<br>*Сапқа тұру*<br>*2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыруды үйретуді жалғастыру. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріп, басынан асыра қол шапалақтау.*<br>*Допты екпінмен итеру және доп қимылының бағытын сақтау.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Б.қ.:*<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «з-з-з» деп айту*<br>*Б.қ.:*<br>*2 . Аяқтары алшақ қойылған, тік тұрып, қолды екі жаққа жіберіп, жұдырықты түйіп, шынтақпен ішке - сыртқа айналдыра қимылдаймыз.*<br>*Б.қ.:*<br>*3. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, 1- аяқты* | *Жәндіктер немен қоректенеді?*<br>*Жәндіктер неге тез тығылып қалады?*<br>*Ұоқ қорытындылау.*<br>*Балаларды бағалау*<br><br>***2,Бәрін білгім келеді.***<br>*(Вариативтік комп)*<br>***Тақырыбы:****Тақпақ айта білемін*<br>*Мнемотехника тәсілі*<br>***Мақсаты:***<br>*Мнемотехника тәсілімен. Балалардың жаттаған тақпақтарын және мезгіл туралы суретке әңгіме құрауды мнемо-техника тәсілімен қайталап тексеру.*<br>*ҰОҚ өтілу барысы.*<br>***І.Шаттық шеңбері.***<br>***"Бала,бала,баламыз"***<br>***Е.Өтетілеуұлы.***<br>*Бала,бала,баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамызда қаламыз!*<br>*Ғажайып сәт.*<br>*Дымбілместің келуі.*<br>*Балалардың таңырқауы*<br>*Педагог*<br>*Сұрақ-жауап.*<br>*Сен кімсің, амандаспадың да. Амандасу.*<br>*Мені бәрі Дымбілмес диді.*<br>*Маған осы ат ұнамайды.*<br>*Маған бірдеңе үйретіңдерші.*<br>*Балалардың Дымбілмеске* | *мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, жәндіктердің суреті, үлестірмелі материалдар*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>*«Біз балдырған баламыз»*<br>*Біз балдырған баламыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Дүниені аралап,*<br>*Оқып білім аламыз.*<br>***Қызығушылықты ояту.***<br>***Ой дамыту.***<br>*Балалар құмырсқа туралы не білеміз?*<br>*Құмырсқа қандай жәндік?*<br>***С.Қалиев «Құмырсқа» өлеңі***<br>*Өлең жолдарын мнемотехника тәсілі арқылы жаттау*<br>***Сергіту сәті***<br>*Ұзын мұртты құмырсқа*<br>*Келе жатты жұмысқа,*<br>*Алды допты орнынан*<br>*Қойды допты орнына*<br>*Солға бұрылды*<br>*Оңға бұрылды*<br>*Үлкен тау деп ойлады*<br>***«Адасқан құмырска » ойын***<br>***Мақсаты****: өз орындарын табу.*<br>***Шарты:*** *Құмырсқаша шапшаңдықпен өз орындарын тауып ойнау. Адасқан құмырсқа жаттаған өлең жолдарын оқып береді* | ***Дидактикалық ойын: «Не өзгерді?»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың таным қабілеттерін арттыру.*<br>*Ормандағы сиқырлы дауыс иесімен қоштасу.*<br>*Балалар тапсырмаларды орындап, балабақшаға келеді.*<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*Балалар біз қайда барып келдік?*<br>*Онда біз не істедік?*<br>*Жұмбақтардың жауаптарын айтып беріңдерші?*<br>*Жұмбақтарды кім жасырды?*<br>*Ормаға барғанда не істеуге болмайды?*<br>*Қорытындылау.*<br>*Балаларды бағалау.*<br><br>**2**. *Мүсіндеу*<br>***Тақырыбы: «Бақа»***<br>***Мақсаты:***<br>*Бақа туралы мағлұмат беру.Ермексаз кесектерін үзу,жаншу,созу тәсілдерін қолданып бақаны мүсіндеуге үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру.*<br>***Әдіс-тәсілі:*** *әңгімелесу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, қосиекенділердің суреті, үлестірмелі материалдар* | *Денсаулық*<br>***Бөлімі:*** *Дене шынықтыру*<br>***Мақсаты:*** *Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуін қадағалау. Жалпы даму жаттығу-ларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасай білуге үйрету.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ***<br>***Кіріспе бөлім***<br>*Бірінің артынан бірі сапқа тұру.*<br>*Денені тік ұстау.*<br>*Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру.*<br>*Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру.*<br>*Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.*<br>*Қол жанда, өкшемен жүру.*<br>***1.Жалпы даму жаттығу-лары:***<br>***Таяқшамен 5 бөлім***<br>*1.Аяқты алшақ* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *тізеге дейін бүгіп, жоғары көтереді, 2- тізе астынан шапалақ соғады. 3- б.қ.*<br>*Б.қ.:*<br>*4. Аяқты алшақ қоямыз, қолымыз жанда, оңға, солға бұрылу, қол бос қозғалады.*<br>*Б.қ.:*<br>*5. Орнында тұрып, қос аяқтап секіру ( 10-15 секунд)*<br>*Тыныс алу жаттығулары: «Әтеш» дыбысын салу, «ку-ка-ре-ку» деп айту. Мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1-2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру*<br>*2. Аяғын бірге, аяғын алшақ қойып ырғақты секіріу*<br>***Қимылды ойын:«Құстар»***<br>*Ойын шартымен таныстыру .Балаларды мадақтау* | *көмегі*<br>***ІІ. Ой дамыту***<br>***Топқа бөлу***<br>*Геометриялық пішіндермен.*<br>*Сұрақ –жауап.*<br>*Бұларды бір сөзбен не деп атаймыз.пішіндер*<br>*1-топ.үшбұрыш*<br>***«Нан қиқымын шашпаңдар»***<br>*Ө. Тұрманжанов*<br><br>*2-топ.. Төртбұрыш*<br>***Көктем мезгілін мнемокесте арқылы әңгімелеу.***<br>*3-топ.Дөңгелек*<br>***«Ойыншықтар» Н.Әлімқұлов***<br><br>*4-топ.Сопақша*<br>***Құстар туралы мнемокестемен әңгіме***<br><br>***Көңілді шеңбер.***<br>*Балаларды шеңберге жинау.*<br>*Дымбілмеске сұрақ қою.*<br>*Дымбілмес қуанып баларға риза болу.*<br>*Қоштасу.*<br>***Қортынды***<br>***Балаларды мадақтау***<br><br>***3.Музыка***<br>***Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.*** | .<br>***Мақтау, мадақтау.***<br>*Жарайсыңдар, рахмет сендерге!*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>*Баяу қарқынмен жүру және жүгіру. Допты екпінмен итеру және доп қимылының бағытын сақтау. Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м) секіруді үйретуді жалғастыру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*Балаларды далаға алып шығып, сапқа тұрғызып жалпы дамытушы жаттығуларды жасату.*<br>*1. Басқа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, басты оңға, солға бұру*<br>*2. Иыққа арналған жаттығулар: қолдар белде, аяқтар бірге тұрады, иықты кезек- кезек көтеру* | .<br><br>***Мүсіндеу***<br>***Тақырыбы:*** *Машина*<br>***Мақсаты:*** *Әр түрлі машиналар туралы түсінік беру.Пропорцияларын сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып, машина мүсіндеуді үйрету.*<br>***Қолданылатын көрнекі құралдар:****ермексаз,тақт айшаүлгі*<br>***Оқу қызметінің барысы:***<br>***Шаттық шеңбер***<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Бақшамызға барамыз*<br>*Досымызды табамыз*<br>*Сәлемет пе, міне мен*<br>*Доспын енді сенімен*<br>***Миға шабуыл.***<br>***Жұмбақтар сыры.***<br>*Таңдайлары тақылдап,*<br>*Шулайтын кім шалшықта*<br>*Бірін-бірі мақұлдап*<br>*(Бақа)*<br>***Үлгіні талдау***<br>*Бақаның түсі қандай?*<br>***Жұмыс жасауда жапсырудың әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету****.*<br>*Жұмысқа қатысты материалдарды атау,* | *қою, таяқша төменде, таяқшаны алға созу, жоғары көтеру, түсіру. Б.қ..5-6 рет.*<br>*2.Таяқшаны екі қолмен алға ұстау.Оң жаққа созу, алға ұстау, сол жаққа созу ,алға ұстау.Б.қ 5рет*<br>*3.Таяқшаны екі қолмен ұстау.Еденге тигенше еңкею.Түзулену.5-6рет*<br>*4.Аяқты алшақ созып отыру. Таяқшаны созу аяқ ұшына тигізу*<br>*5. Таяқшаны еденге қою. Секіру, адымдап орнында жүру, қайта секіру.*<br>***Тыныс алу жаттығулары:***<br>*Тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *3. Қолға арналған жаттығулар: 1. 2 қолды жоғары көтеру*<br>*2. 2 қолды алдына апару*<br>*3. 2 қолды жанына апару*<br>*4. Белге арналған жаттығулар: 2 қол белде,аяқтар алшақ тұрады, оңға, солға бұрылу*<br>*5. Аяққа арналған жаттығулар: оң аяқпен 5 рет, сол аяқпен 5 рет, екі аяқпен 5 рет секіру*<br>*6. Терең дем алу*<br>***Негізгі қимыл- жаттығулары:***<br>*1.Допты екпінмен итеру*<br>*2. Оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттар арасымен (арақашықтығы 3 м) секіруді үйретуді жалғастыру*<br>***Қимылды ойын:***<br>*««Мысық тышқан»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *қауіпсіздік ереджелерін ескерту.*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бақа,бақа балпақ*<br>*Басың неге жалпақ*<br>*Темір телпек көп киіп,*<br>*Басым содан жалпақ*<br>*Бақа, бақа балпақ*<br>*Көзің неге тостақ?*<br>*Қырдан алыс көп қарап,*<br>*Көзім содан тостақ*<br>*Бақа,бақа балпақ*<br>*Бұтың неге талтақ?*<br>*Көп отырдым ерініп,*<br>*Бұтым содан талтақ*<br>***«Дұрыс ажырат» ойыны***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.*<br>***Шарты:*** *Үлестірмелі материалдар арқылы қосмекенділер мен жәндіктерді ажырату.*<br>***Сұрақ-жауап:***<br>*Бүгін біздер не туралы әңгімеледік?*<br>*Қосмекенділерге нелер жатады?*<br>*Бақалар туралы не білдік?*<br>***«Бақалар көрмесі»*** *дид ойыны арқылы балалардың жұмысын қорытындылау.*<br>*Балаларды мадақтау.* | *босатып демді шығарады.*<br>***2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>*2- бөлім Түрлері:*<br>***2. Негізгі қимыл – қозғалыс жаттығулары.***<br>***Түрлері: 2-бөлім.***<br>*- Скамейка үстінен жүру.*<br>*- Құм салынған қапшық-тың арасымен секіру.* |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 15*** | ***Картотека № 16*** | ***Картотека № 17*** | ***Картотека №18*** | ***Картотека №19*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Картотека қосымша тігілген* | *Картотека қосымша тігілген* | *Картотека қосымша тігілген* | *Картотека қосымша тігілген* | *Картотека қосымша тігілген* |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары.** | ***№ 12***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 13***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 7***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№10***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 11***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Жалпы топпен жұмыс: «Көктем келді» әнін жаттау. Логикалық ойын: «Өз үйіңді тап»*<br>*Шарты: Балаларға түрлі-түсті дөңгелек тарату. Белгі бойынша балалар дөңгелекті түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.* | *4К: Сыни тұрғысынан ойлау. Жәндіктер туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.*<br>*Жеке жұмыс:*<br>*Ертегі айту: 4К: Креативтілік дағды, сыни тұрғысынан ойлау.*<br>*Ертегі айту арқылы байланыстырып сөйлеуі дамиды., сөздік қоры молаяды* | *Психологиялық тренинг: «Не жасырынды!?»*<br><br>*Логикалық ойын: «Сәулеге киімдерін жинауға көмектес»*<br>*Шарты:Балалар суретке зер салып, не көріп тұрғанын атап шығады да, оларды сызық арқылы шкафқа немесе сөреге салады.* | *Жалпы топпен жұмыс: Қағаз бетіне пішіндер (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек) салып, оны қайшымен қию.*<br>*Үстел-үсті ойын: «Суретті беттестір»*<br>*Шарты: Ұқсас суреттерді пішінімен түсіне сәйкес беттестіру.* | *«Фребель сыйы»*<br>*Мақсаты: Фребель ойыншықтары арқылы балалардың таным қабілеттерін арттыру.* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека №8***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №9***<br><br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №10***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №11***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека№ 12***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-аналарға кеңес: «Балалардың отбасында өз-өзіне қызмет етуге дағдыландыру.»* | *Психологтің кеңесі: «Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.* | *Балаларды ауа-райына байланысты киіндіру.* | *Дәрігер кеңесі: «Бала ағзасындағы дәрумендердің маңызы»* | *Ата-анаға кеңес: «Отбасындағы баланың рөлі»* |

## Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

**Өтпелі тақырып «Біз еңбекқор баламыз»**
**Тақырыпша: «Еңбек бәрін жеңбек»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсет ***IY апта ( Сәуір2022ж.)***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу** | *Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.* | | | | |
| **Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. )** | *Әңгімелесу: « Көктем»*<br>*Мақсаты: табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.*<br>*Дид/жаттығу: «Қарада ата»*<br>*Мақсаты: Заттарға іс-әрекет таңдау.* | *«Заттың атын ата» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы сезімталдығын дамыту* | *Мнемотехника әдісі*<br>*«Көктем киімдер» Мақсаты: киім түрлері туралы түсінік беру.* | *«Не артық?» Мақсаты: Балаларды суретке қарап,оларды топтастыруға үйрету* | *Дид-қ ойын*<br>*«Бұл қай мезгіл?»*<br>*Мақсаты:Төрт мезгіл мен өзгерістерін ажыратып айтқызу.Сөздік қорын байыту* |
| **Таңертеңгі гимнастика** | ***Таңертеңгі жаттығу кешені.***<br>***Картотека № 7***<br>*Жаттығу кешені қосымша тіркелген.* | | | | |
| **Таңғы ас** | *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Балалардың дұрыс отыруын қадағалау. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.*<br>*Тамақ ішер алдында,* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Сөйлемейміз, күлмейміз<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз білмейміз!* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | ***ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау, психологиялық дайындық. балалармен өзара әңгіме жүргізу.*** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері** | ***1Құрастыру***<br>***Тақырыбы:*** *Біздің еңбек. «Құстың ұясы»*<br>***Мақсаты:*** *Заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастыру.*<br>***Әдіс-тәсілдері:*** *түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар*<br>***ҰОҚ барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Нұр құшып әлемге*<br>*Арайлап таң атты*<br>*Жарқырап күніміз*<br>*Жер көкті оятты*<br>***Слайд арқылы әңгімелеу.***<br>***Тыйым сөздер:***<br>*Құсты атпа!*<br>*Құстың жқмыртқасын жарма!*<br>*Құстың ұясын бұзба!*<br>*Аққуды атпа, досыңды сатпа!*<br>***Дидактикалық ойын «Қандай құстың дауысы?»***<br>***Мақсаты:*** *Таным қабілеттерін арттыру*<br>***Шарты:*** *Үнтаспа арқылы құстың дыбысын табу.*<br>***Сұрақтар ілмегі.***<br>*Қандай құстарды білеміз?*<br>*Құстар қайда мекендейді?*<br>*Ендеше бәріміз құстың* | ***1.Сөйлеуді дамыту.***<br>***Тақырыбы:*** *Еңбек туралы мақал-мәтелдер*<br>***Мақсаты:*** *Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту.Артикуляциялық аппаратты одан әрі жетілдіру*<br>***Әдіс-тәсілідері:***<br>*әңгімелеу, түсіндіру, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *АКТ, суреттер*<br>***ҰОҚ барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Сәнденіп даламыз,*<br>*Сәулетті қаламыз,*<br>*Сәулеңмен құлпырды,*<br>*Сәлем, Күн –Анамыз*<br>***Слайд арқылы әңгімелеу.***<br>*Еңбек дегеніміз-адамның өмір сүруі үшін қажеті іс-әрекеттер. Еңбек түрлері көп: жазғы еңбек, күзгі еңбек, қысқы еңбек, көктемгі еңбек болып бөлінеді.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Еңбек түрлерін білесіңдер ме?*<br>*Еңбек ету адамға қажет деп ойлайсыңдар ма?*<br>***Сергіту сәті:*** | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Уақытты бағдарлау*<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ой-өрісін дамыту. Уақытты бағдарлау жөніндегі білімдерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тереңдете түсу. Логикалық ойлау қабілетін, танымын дамыту.*<br><br>***Әдіс-тәсілдері:*** *түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *АКТ,үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Табиғатым тамаша,*<br>*Көз тоймайды қараса.*<br>*Табиғатты аялап*<br>*Жүрейікші жараса.*<br>*Сәлем саған Жер Ана*<br>*Сәлем саған Нұрлы Күн*<br>*Аман-есен болайық,*<br>*Бейбітшілік қалайық.*<br>*Балалар біз ұйқыдан тұрғанда қай жаққа қараймыз?Одан не көреміз?*<br><br>*Егер күннің көзі жарқырап тұрса қалай қуанамыз?*<br><br>***Миға шабуыл: Жұмбақ***<br>*Түнде де, күндіз де* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *«Жуа отырғызу»*<br>***Мақсаты:*** *табиғат бұрышындағы өсімдіктерге қамқорлық жасауға, еңбек етуге тәрбиелеу*<br>***Әдіс-тәсілдері:*** *әңгімелеу, түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *өсімдіктің суреттері, слайд*<br>***ҰОҚ барысы:***<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Нұрланып күн тұрса,*<br>*Күллі әлем жайнайды*<br>*Жер беті құлпырса,*<br>*Бұлбұлдар сайрайды*<br>***Сұрақ-жауап.***<br>*Қазір жылдың қай мезгілі?*<br>*Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?*<br>***Жұмбақ сыры:***<br>*Ол өзі бірнеше қабат –қабат киінген*<br>*Немесе*<br>*Ұрмай-соқпай жылатады*<br>*Бұл не деп ойлайсыңдар?*<br>***Слайд арқылы. Жуамен таныстыру***<br>***Саяхатқа шығу***<br>*Балабақша ауласына саяхат. (Жуа отырғызу)*<br>***Топтарға бөлінеміз***<br>*1- топ: Жуа отырғызушылар* | ***1. Сурет***<br>***Тақырыбы:*** *Әкемнің еңбек құралдары.*<br>***Мақсаты:*** *Балалардың еңбек туралы түсініктерін бекіте отырып, отбасын-дағы еңбек туралы түсіндіру.Балаларды топқа бөлу арқылы еңбек құралдарын трафарет арқылы салу.(күрек, ара, балға, балта)*<br>***Әдіс-тәсілдері:***<br>*түсіндіру, көрсету, ойын, сұрақ-жауап*<br>***Көрнекі құралдар:*** *үлгі суреттер, үлестірмелі материалдар*<br>***Шаттық шеңбері:***<br>*Қане, қане тұрайық*<br>*Үлкен шеңбер құрайық*<br>*Сол жақтағы балаға, оң жақтағы балаға*<br>*Шапалақ та, шапалақ*<br>*Шапалақ та, шапалақ*<br>***Слайдпен жұмыс:***<br>*Балалардың үйде әкелерімен бірге жұмыстанған суреттерін көрсетіп, әңгімелеу*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Еңбек дегеніміз не?*<br>*Еңбек ету адамға қажет* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұясын,заттардың үлгі бойынша пішінін, түсін ескере отырып құрастырайық<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз келеміз адымдап,<br>Жол ізімен арындап<br>1,2,3,4<br>Қолды жоғары көтеріп<br>Биіктерге жетеміз<br>Үп-үлкен боп өсеміз<br>Қолды жанға созамыз<br>Топ-топ етіп басамыз<br>Алға қарай саламыз<br>**Сұрақ-жауап:**<br>Біз не құрастырдық?<br>Құыстың ұясының түсі, пішіні қандай?<br>**«Ұялар» көрмесі**<br>Балалардың жұмысын бағалау.Қоштасу<br>Қорытынды. Рахмет, балалар! Сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүру. Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіру.<br>**I.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру.<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға | Қырға шықсаң өрлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Кесте тіксең зерлеп<br>Мұның аты-Еңбек<br>Сабағыңа жөндеп,<br>Әзірленсең –Еңбек<br>Гүл отырғызсаң терлеп,<br>Мұның аты-Еңбек<br>Қиындықтың бәрін,<br>Еңбек қана жеңбек<br>**Мақал-мәтелдер**:<br>Еңбектің наны тәтті<br>Жалқаудың жаны тәтті<br>Еңбек етсең-ерінбей<br>Тояды қарның тіленбей<br>Еңбек ер атандырады.<br>**Дидактикалық ойын: «Кім не істейді?»**<br>**Мақсаты:** балалардың Ойлау, сөйлеу қабілеттерін арттыру.Еңбекті бағалауға үйрету.<br>**Шарты:** Өздері таңдап алған суреттегі мамандық иесінің не істейтінін айту.<br>**Сұрақ-жауап**<br>Балалар біз не жайлы білдік?<br>Еңбек түрлерін атап беріңдер?<br>Еңбектенген адам мұратына жетеді.<br>ҰОҚ қорытындылау.<br>Балаларды мақтап, мадақтау.<br><br>**2.Бәрін білгім келеді. (вариат комп)** | Тынымсыз соғады.<br>Бұл не екен балалар? (Сағат)<br><br>Ұзың қысқа тіл,<br>Он екі тілмен дос бол<br>(сағат тілі)<br>Слайдпен жұмыс.<br>**Ой қозғау**<br>Сендерді ата-аналарың балабақшаға қай кезде әкеледі?<br>Қай кезде алып кетеді?<br>Балалар қай кезде ұйықтайды?<br>Қай кезде тамақ ішеді?<br><br>**«Суретті карточка»**<br>дидактикалық ойын<br>**Мақсаты:** Балалардың зейінін аудару. Уақытты бағдарлауға үйрету.<br>**Шарты:** Үлестірмелі материалдағы суреттерді әңгімелеу. Уақытын айту<br>**Сергіту сәті:**<br>Таңертең- оянамыз, жуынамыз<br>Тісімізді тазалаймыз, шашымызды тараймыз<br>Күндіз- ойнаймйз , секіреміз<br>Кешке – балабақшадан ораламыз, теледидар көреміз, жуынамыз<br>Түнде-ұйықтаймыз<br>**Дәптермен жеке жұмыс.**<br>Балалар суреттегі (Таңертең , күндіз, кеш, түн) уақытты тауып, ретіен орналастырады.<br>ҰОҚ қорытындылау. | 2-топ: Су құюшылар<br>3- Топ: Қопсытушылар<br>**Сергіту сәті.**<br>Атамның алып күрегін<br>Бақшаны қопарып беремін<br>Әжеме мен құдықтан<br>Су әкеліп беремін<br>Бау-бақшаны күтемін<br>Арам шөпті жұламын<br>**«Біз еңбекқор баламыз»**<br>**Мақсаты:** Үлкендердің еңбегін бағалау<br><br>Балалар сендер өте еңбекқор бала екенсіңдер! Рахмет сендерге!<br>ҰОҚ аяқтау. Балаларды мадақтау.<br><br>**Музыка**<br>Музыка жетекшісінің жоспары бойынша. | не?<br>Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>**Топтарға бөліну:**<br>Топтарға бөлініп жұмыстанамыз. Әр топ еңбек құралдарын трафарет арқылы салу.<br>1- «Күрек» тобы<br>2-«Ара» тобы<br>3-«Балта» тобы<br>4-«Балға» тобы<br>Жұмыстарын қадағалау.Бағалау<br>**Сергіту сәті:**<br>Қане қанат жазайық<br>Қарлығашқа ұқсайық<br>Ұшып-ұшып алайық<br>Орнымыззға қонайық<br><br>**Ойын: «Мақалдың жалғасын тап»**<br>Жалқаудың...тәтті,<br>Еңбектің ... тәтті<br>Еңбек етсең... мереке<br>Тояды қарның...береке<br>Көптің түбі... тіленбей<br>ҰОҚ қорытындылау.<br>Балаларды мадақтау.<br><br>**2.Дене шынықтыру**<br>Заттардың арасымен жүру және жүгіру. Допты екпінмен итеру және доптың қозғалу бағытын сақтау. Басына қап қойып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*«Күн- түн»*<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.*<br>*«Иилгіштер»*<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>*«Балапан қанатын қақты»*<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-төмен көтеру,*<br>*«Айнаны сүрту»*<br>*4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.*<br>*«Көбелек ұстау»*<br>*5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.*<br>*Б.қ.: «Серіппе»* | ***Мнемотехника тәсілімен.***<br>***Тақырыбы:*** *Еңбек , бәрін жеңбек.* ***Мақсаты:*** *Балаларға еңбек туралы мақал-мәтелдер үйрету. Мақал- мәтелді мнемотехника тәсілі арқылы жаттау.*<br>***І.Психологиялық сәт: «Жүректен жүрекке»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың ұйымшылдықтарын арттыру.*<br>***Шарты:*** *Балалар дөңгелене тұрып, бір-біріне жүрек ұсына отырып тілектерін білдіреді*<br>***ІІ. Ой дамыту****.*<br>***Топқа бөлініп, мақал-мәтелдер жаттаймыз***<br>***1 – топ.*** *«Бірлік»тобы*<br>***2- топ*** *«Татулық» тобы*<br>***3- топ*** *«Достық» тобы*<br>***Мақал-мәтелдер*** *мнемотехника тәсілімен*<br>***Сергіту сәті:***<br>*Бала, бала, балақан*<br>*Қане қайсы алақан?*<br>*Саусақтарың әйбат*<br>*Былай,былай ойнат*<br>*Топ-топ, топ-топ басайық*<br>*Жалаудан гүл жасайық*<br>*Жаса, жаса жарқын күн*<br>*Жаса, Жаса алтын Күн!*<br>***ІІІ.Ой қозғау.***<br>***Ойын: «Үлкенге көмек»***<br>***Мақсаты:*** *Балалардың еңбекке деген қызығушылықтарын* | *Мадақтау.*<br><br>***2.Орыс тілі***<br>*Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.*<br><br>***3.Дене шынықтыру***<br>*Сапта екеуден қол ұстасып жүру және жүгіру. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіру. Допты екпінмен итеру және доптың қозғалу бағытын сақтау.*<br>***.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***Таяқшамен жаттығу.***<br>*Б.қ.: «Сағаттар»*<br>*1. Аяқтары алшақ , таяқша белде. «Тик-так» сөзін айтып басты оңға, солға қозғалту.*<br>*Б. қ.: «Су тасушы»*<br>*2. Аяқтары алшақ қойылған, таяқша иықта, иықты кезек көтеру.*<br>*Б.қ.: «Терезе»*<br>*3. Аяқтары алшақ қойылған қолға таяқшаны алып, аяқты айқастыра тұрып, денені* | | *бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*«Күн- түн»*<br>*1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. 1- көзімізді жұмамыз. 2- мойынды оңға бұрып, көзімізді ашамыз, 3- алдыға қарап көзімізді жұмамыз, 4- мойынды солға бұрып көзімізді ашамыз.*<br>*«Иилгіштер»*<br>*2. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жанда, 1-2 - оң аяқтың тізесін сәл бүгіп оңға қарай иілеміз, 3-4 – сол аяқтың тізесін сәл бүгіп солға иілу.*<br>*«Балапан қанатын қақты»*<br>*3. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-3 алақанды жұмып-ашу, 4-6- шынтақты жоғары-* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Иректеп қойылған жіптің үстімен еркін жүру.*<br>*2.Арқанның астынан оған басын тигізіп алмай төрт тағандап еңбектеу.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Кім жоқ»*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | *арттыру.*<br>***IV.Миға шабул.***<br>*Бүгін біз не туралы әңгімеледік?*<br>*Бауырсақты қалай жасаймыз?*<br>***ҰОҚ қорытындылау.***<br>*Балаларды мадақтау.*<br>*Еңбекті сүй, құрметте.*<br>*Керек болар еңбекте*<br>*Еңбек етсең емерсің*<br>*Жақын болшы еңбекке*<br><br>***3.Музыка***<br>*Музыка жетекшісінің жоспары бойынша.* | *оңға-солға бұрады./6 рет қайталау/*<br>*Б.қ.: «Атлет»*<br>*4. Аяқтар алшақ қойылған, таяқша кеуде тұсында.1- отырады, арқаны түзу ұстап, екі қолмен таяқшаны алға қарай көтереді, тұрып қолды төмен түсіреді.*<br>*Б.қ.: «Құтқарушы таяқшасы»*<br>*5. Аяқтарын алшақ қою, таяқша кеуде тұсында; екі қолмен таяқшаны ұстап, серіппелі қимылмен отырып - тұру.*<br>*Б.қ.: «Велосипедші»*<br>*6. Аяқтарын алшақ қою, таяқшаны бел тұсында ұстау; 10 рет маршпен жүру,*<br>*Маршпен жүру.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: «Ку-ку, Ку-ку» деп дыбыстап демді сыртқа шығара денені алға еңкейтеді.*<br>*Бастапқы қалыпқа келу.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*жаттығулары*<br>*1. Оңға және солға бұрылып екпінмен секіру.*<br>*2.Допты екпінмен итеру және доптың қозғалту*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Кім бірінші келеді» ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.* | | *төмен көтеру,*<br>*«Айнаны сүрту»*<br>*4. Аяқтарды біріктіреміз, қолдарын кеуде тұсына ұстап, 1-4 алақанды ашып отырып-тұрып айнаны сүрту қимылын көрсетеміз. 5-6 қолды жоғары созып шапалақтаймыз.*<br>*«Көбелек ұстау»*<br>*5. Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау.*<br>*Б.қ.: «Серіппе»*<br>*6. Аяқтарын біріктіру. Қолдары белде. 1- тізені бүгіп отыру, 2- б.қ.*<br>*Тыныс алу жаттығулары: араның дыбысын салу, мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1. Заттардың арасымен жүру және жүгіру. 2. Басына қап қойып, бастың дұрыс қалпын сақтап, жіп бойымен жүру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Поезд».*<br>*Ойын шартымен таныстыру*<br>*.Балаларды мадақтау.*<br>*.* |
| **Серуенге** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | | | | | |
| **Серуен:** | ***Картотека № 16***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека № 17***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека № 18***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека № 19***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №20***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Серуеннен оралу** | *Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары.** | ***№ 16***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 17***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 18***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 19***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***№ 20***<br>*Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *Тәрбиешінің жетекшілігімен ойын:<br>«Сиқырлы қорапша»<br>Мақсаты: Сұраққа нақты жауап беруін анықтау. Тіл байлықтарын арттыру.<br>Тікелей танымдық оқиға үшін бақылау<br>«Үйшік» ертегісі<br>Мақсаты: Аян кейіпкерлердің ретімен кездесуін көлеңке театры арқылы баяндайды* | *М. Монтессори технологиясымен жұмыс. Геометриялық пішіндермен әр түрлі құрастыру жұмыстарын жүргізу Айтылым, тыңдалым дағдылары қалыптасады.<br>«Мақал- мәтелдер»<br>Мақсаты: айтылған мақал-мәтелдерді тыңдау арқылы қайталап береді.<br>.* | *Командалық жұмыс<br>«Балабақша ауласында»<br>Үлгі бойынша орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, картиналар құрастыру.<br>Ұжымдасып ойнау дағдылары қалыптасады.<br>Логикалық ойын:<br>«Не жетіспейді?»<br>Шарты:Суретке мұқият қарап заттарды топтастырып артық затты табу.* | *Зерттеу жүргізу<br>«Су»<br>Мақсаты: Суды түстерге бояу арқылы зерттеу.<br>Жеке баламен жұмыс:Әңгімелесу. Ашық сұрақ<br>Асылханнан суға бояу тамызғандағы өзгерісін сұрау.* | *4К: Сыни тұрғысынан ойлау. Көктем мезгілі туралы жұмбақтарды шешуге дағдыландыру.<br><br>Жеке жұмыс:<br>Ертегі айту: 4К: Креативтілік дағды, сыни тұрғысынан ойлау. Ертегі айту арқылы байланыстырып сөйлеуі дамиды., сөздік қоры молаяды.* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Картотека №***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №***<br>*Картотека қосымша* | ***Картотека №***<br>*Картотека қосымша тігілген* | ***Картотека №***<br>*Картотека қосымша* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *тігілген* | | *тігілген* |
| **Балаларды ң үйге қайтуы** | *Медбике кеңесі: «Баланы күн тәртібіне үйретудің маңызы»* | *Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.* | *Психолог кеңесі:*<br>*Бала тәрбиелеудің он ережесі.* | *Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.* | *Ата-аналарымен біргееңбектеніп жасаған жұмыстарынан көрме «Менің еңбегім»* |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограмма**

**Өтпелі тақырып«Әрқашан күн сөнбесін!»**
**Тақырыпша. «Достық-біздің тірегіміз»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсет ***І апта ( мамыр 2022ж.)***

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | *Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау.*<br>***Дидактикалық ойын***:*"Суретті жина"*<br>*Шарты: Қағаз қиықтарын біріктіріп суретті құрастыруға үйрету.* | *Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу. Топқа көтеріңкі көңіл күймен келуге жағдай тудыру.*<br>***Тақпақ үйрету***.*«Өзім жақсы баламын» Б.Ысқақов.*<br>*Өзім жақсы баламын,*<br>*Апа тілін аламын,*<br>*«Су әкеле ғой» десе,*<br>*Су әкеле саламын.* | *Балаларды қабылдау. Ата-аналармен жеке әңгімелесу. Дене қызуы мен тазалығына көңіл бөлу, жағымды жағдай орнату.*<br>***Үстел-үсті ойыны*** *« Сақинаны кигізу»*<br>*Мақсаты: сақиналарды тұғырға кигізу арқылы саусақ қимылын, көзбен бағдарлай алуын дамыту* | *Балаларды қабылдау. Балалардың қарым қатынасын дамыту.*<br>***Ойын: «Азығын тап»***<br>*Шарты: аңдарға тиісті азығын бір біріне қойып шығу.Мысалы: қоян-сәбіз, тиін-саңырауқұлақ,аю-балық, қасқыр-ет.* | *Балаларды қабылдау. Ата-аналармен амандасу.Балаларды қабылдау.t өлшеу,тазалығын тексеру.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Қимылын көрсет.*<br>*Ойын шарты:айтылған заттардың қимылын көрсету,мысалы:қоян, ұшақ, аю, бақа т.б.* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 1.***<br>*Жаттығу кешені қосымша тіркелген.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | ***Ойын- жаттығу*** *:*<br>*Ас ішер кезде,*<br>*Сөйлемейміз, күлмейміз ,*<br>*Астан басқа өзгені,*<br>*Ойламаймыз білмейміз.*<br>***Сиқырлы сөз:*** *"Астарыңыз дәмді болсын!"*<br>*Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдаст ырылған оқу қызмет-тері** | ***1. Қоршаған ортамен танысу***<br>***Тақырыбы:****Менің қанатты-достарым*<br>***Мақсаты:*** *Балаларды табиғаттағы құстарды аялап,баптап күте білуге үйрету. Үнтаспа арқылы құстардың үнін тыңдап, дауыстарын айыра білуге үйрету.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>***«Табиғат біздің анамыз»***<br>***Н. Жанаев***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз бақытты баламыз****.***<br>***ІІ.Миға шабул***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>***Құстар туралы.***<br>*Шарлап келіп даланы,*<br>*Үйіме,үйін салады.*<br>***(Қарлығаш)***<br>*Тақылдатып,мазаны ап,*<br>*Ағаштарды тазалап,*<br>*Ормандарды емдейді,*<br>*зиянкесті тазалап****.(Тоқылдақ)***<br>*Қонып алып жарға,*<br>*Қарқылдайды.........* ***(қарға)*** | *1.* ***Сөйлеуді дамыту***<br>***Тақырыбы:***<br>*Дос болайық бәріміз.*<br>***Мақсаты:*** *Балаларды топтағы балалармен , ауладағы балалармен дос болуға баулу, балалармен тілдік қарым- қатынас мәдениетін сақтауға үйрету.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы:***<br>***1.Шаттық шеңбер***<br>*Ө. Тұрманжанов.*<br>*Кел, баладлар, күлейік!*<br>*Күлкіменен түлейік!*<br>*Қабақ түйген не керек?*<br>*Көңілді боп жүрейік!*<br>***2.Мнемотехника әдісі***<br>*Жыл мезгілі*<br>***3.Тосын сәт****. Қонаққа Буратино келеді.*<br>*Балалармен амандасады.*<br>*Үстел үстінде тұрған бірнеше ойыншықтарды көріп таңырқайды.*<br>*- Балалар, мына үстел үстіндегі жатқан заттар не?*<br>*- Ойыншықтарды жеуге бола ма?* | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:***<br>***Геометриялық ұғымдар.***<br>***Мақсаты****. Балаларға геометриялық ұғымдар туралы түсінік беру.*<br>***Көңілді шеңбері.***<br>*Қолды көкке созайық,*<br>*Азайтайық, қосайық.*<br>*Пішіндердің сарайын,*<br>*Кәне бірге ашайық.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***«Пішіндер сөйлейді»***<br>***-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.***<br>*Төрт қабырғасы бар бұрышпын,*<br>*Қай жағынан қарасаңда,*<br>*Төрт қабырғам тең бұрышпын.*<br>***Үшбұрышпын, үшбұрышпын,***<br>*Үш қабырғам бар бұрышпын,*<br>*Төртбұрыштан аз болсам да,*<br>*Орны бөлек үшбұрышпын.*<br>***- Домалақпын, домалақпын,*** | *1.* ***Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:****. Туған жердің табиғаты*<br>***Мақсаты:*** *Туған жердің табиғатына деген қызығушы-лықтарын ояту.Тірі және өлі табиғаттағы өзгерістерді бақылай білуге жетілдіру.*<br>*Табиғаттың досы болуға.оны қорғай білуге тәрбиелеу*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Н. Жанаев.***<br>*Табиғат – анамыз.*<br>*Табиғат ол –анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Құшағында ойнаймыз,*<br>*Шаттық әнге саламыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту****.*<br>***1. Ой қозғау:***<br>*-Жыл мезгілдеріне саяхат.*<br>*-Сюжетті суреттермен жұмыс.*<br>*-Бір жылда неше мезгіл бар?*<br>*-Әр мезгілдегі табиғаттың көрінісін ата?*<br>*-Кімге қай мезгіл ұнайды? Несімен ұнайды?*<br>*-Қазір қай мезгіл -*<br>*-Табиғат пен адамның* | *1.* ***Сурет салу***<br>***Тақырыбы: Достық гүлі.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға гүл туралы түсінік беру. Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіре отырып, щеткамен шашырату әдісі арқылы гүлді бейнелеу.*<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Табиғат ана.***<br>***Н. Жанаев***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықтарын ояту. Жұмбақ жасыру.***<br>*Суықта солмайды,*<br>*Аязда тоңбайды.*<br>***(жасанды гүл)***<br>*Көркіне көрік, Жазға серік. Не?* ***(гүл)***<br>***2.1 Ой дамыту***<br>***-Гүл туралы түсінік беру.***<br>*– Гүл нешеге бөлінеді?* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***Ой қозғау***<br>*-Басқа қандай құстарды білесіңдер?*<br>*-Атау.*<br>*-Қараторғай, қарлығаш, тырна, қарға, сауысқан т.б.*<br>*- Осы құстар нені қорғайды?*<br>*- Ағаштарды.*<br>*- Ағаштар не үшін керек?*<br>*- таза ауа шығарады.*<br>*- таза ауамен дем аламыз*<br>***Тыныс алу жаттығуын жасау.***<br>*Ауаны жұту, шығару*<br>***ІІІ. Қызығушылықтарын ояту.***<br>*Дид ойын: «Ненің даусы»*<br>***Сергіту сәті.***<br>*Қарға біздің қар, қар,*<br>*Сауысқаныс саңқ, саңқ.*<br>*Торғайларым шиқ, шиқ,*<br>*Жапалағым ух, ух.*<br>*Көкек көкек, көкек деп,*<br>*Ұшады екен желпілдеп*<br>***IV. Ой дамыту Тақпақ:***<br>*«Торғай»*<br>*Шыр – шыр еткен торғайды,*<br>*Қорғамасақ болмайды.*<br>*Кіп – кішкене торғайлар,*<br>*Ағаштарды қорғайды.*<br>***Құстартуралы тыйым сөздер. Мағынасын түсіндіру.***<br>*-Құсқа тас лақтырма.*<br>*-Құстардың жұмыртқасын жарма.*<br>*-Құстың ұясын бұзба,*<br>*Қарғысқа қаларсың.*<br>***Қортынды***<br>*Викториналық сұрақтар:*<br>*Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың .*<br>***(Әтеш)*** | *Балалардың жауаптары.*<br>***3.Ой дамыту.***<br>***Ойыншықтарды сипаттау.***<br>*Ойыншықтар резеңкеден, ағаштан, пластмасса ойыншық түрлерін көрсетіп түсіндіру.*<br>***4. Балаларды екі орталыққа бөліу.***<br>***1-ші орталық***<br>*машина, қуыршақ, кірпі, күшік, робот, автобус, құрылыс материал-дары, т.б. әртүрлі материалдан жасалған ойыншықтар дың ішінен өзіне ұнаған ойыншықтың біреуіне сипаттама жасайды.*<br>***2-ші орталық***<br>*ойыншықтарға арнап үй құрастыруды.*<br>***5. Сергіту сәті:***<br>*Біз ойыншықпен ойынаймыз,*<br>*Қоян сияқты секіреміз.*<br>*Аю сияқты қорбандап,*<br>*Қу түлкідей жүгіріп,*<br>*Қуыршақпен дос болып,*<br>*Бір керіліп аламыз*<br>***6. Ойын: « Орнында не жоқ?»***<br>*Шарты:үстел үстіне 5ойыншық қойылады. Балалардан көздерін жапқан кезде тәрбие-ші бір ойыншықты алып тастайды. Балалар қай ойыншық жоқ екенін айтады.*<br>***7.Буратина балаларға*** | *Дөңгелек боп домаладым.*<br>*Ай сияқты, күн сияқты*<br>*Шар сияқты домалақпын.*<br>***2.1 Топқа бөлу.***<br>***А) Төртбұрыш тобына тапсырма***<br>**«Ойыншықтардың үйін табу»**<br>**Шарты**: - Мына жерде биік және аласа үй бар. Ойыншықтарды көлеміне қарай, биік үйшікке үлкен ойыншықтарды, аласа үйшікке кішкентай ойыншықтарды апарып қою керек.<br>***Ә)Үшбұрыштар тобына***<br>***3. «Жол картасын бейнеле***<br>*Ағаш, тау, күн, бұлт, тас, көл, гүлдер т.б. суреттерді үстел үстіндегі жасыл матаға өздерінің орналасу реті бойынша қою.*<br>***Сергіту сәті.***<br>***Б) Дөңгелектер тобы.***<br>***4.Геометриялық пішіндермен жұмыс.*** *Дид ойын: «Кім жылдам?»*<br>*Таяқшалармен құрастыру жұмысы*<br>*Шырша, көзілдірік, үй, қайық.*<br>***ІІІ. Сылдырмақ үні. Шеңбер***<br>***Миға шабуыл.***<br>***Логикалық есептер.***<br>*-Үш бұрыштың әр бұрышына отыру үшін* | *байлынысын атап өту.*<br>***Сергіту сәті: «Құбылыстар» . Тренинг ойын – «Табиғатпен сырласу».***<br>***Авторы Г.Таласбаева.***<br>*-Сыйқырлы орындық арқылы табиғатқа саяхатқа бару.*<br>*-Елестету. (көзді жұму)*<br>*- мөп-мөлдір ағып жатқан сулар, жайнап өсіп тұрған гүлдер, құстар, тамаша табиғат.*<br>***1. Бұлаққа кездесу.***<br>*-Бұлақтан су ішеміз. Ол үшін: Алға иілу, алу, ішу, тамсану. (рахат-ай)*<br>*2. Алма ағашына кездесу. - Ағаштан алманы алып жеу. Оң аяқ алға, сол аяқтың өкшесін көтеру, алу, қырт етіп тістеу, тәттісін-ай*<br>***2.Раушан гүліне кездесу.***<br>*Алға иілу, алу, иіскеу, қажет емес ауаны сыртқа шығару.*<br>***3. Миға шабул***<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Айналамызды қоршап , жайқалып өскен ағаштар не үшін керек?*<br>*-Табиғат байлықтарына нелер жатады?*<br>*-Оны қорғау деген не?*<br>*-Табиғатты сүйе білу деген не?*<br>***4.Табиғат туралы тиым сөздер.***<br>*-Көк шөпті жұлма.*<br>*-Құстың ұясын бұзба*<br>*-Тал, шыбықпен ойнама.*<br>*-Суды ластама*<br>*-Құстарға тас лақтырма*<br>***Дид ойын: «Шатастырма»*** | *-Гүл өсіп – өну үшін не керек?*<br>*- Жарық, жылу , су,ауа.*<br>***2. Ой қозғау***<br>*Дәстүрден тыс сурет салудың әдіс – тәсілдерін түсіндіру көрсету*<br>***Дид ойын: «Қандай түс»***<br>*3. Өз бетінше жұмыс жасау.*<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>***Саусақ жаттығуы: «Дос болайық»***<br>*Торғайлармен дос болайық*<br>*Көңілдірек қанекей.*<br>*Жем береміз,бәріміз.*<br>*Егер жаңбыр жауа қалса,*<br>*Тығыламыз бәріміз.*<br>*күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***«Біз кішкентай баламыз»***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br>*Көкке қолды созамыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Қарлығаш боп ұшамыз,*<br>*1-2-3 өсеміз де, толамыз.*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>***Балалардың жұмысын мадақтау.***<br>***2.Дене шынықтыру***<br>*Балаларды бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен тізбектеліп* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? **(Карлығаш)***<br>*Қай құс өзінің атын қайталайды**? (көкек)***<br>*Қандай құс хат тасушы атанған?**(көгершін)***<br>*Қай құста мүлде ұя болмайды? **(көкек)***<br>*Құстың негізгі мекені? **(Ұя)***<br><br>***2. Дене шынықтыру.***<br>*Сапта бір-бірлеп жүру және жүгіру. Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру.*<br><br>***I.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*1. Тік тұрып, қолды белге ұстау керек, 1-2 есебінде басты оңға қарай,*<br>*3 - 4 есебінде солға бұру керек. (4 рет қайталау)*<br>***2.** Аяқ иық көлемінде, қолдар иық үстінде. Иықты артқа, алдыға қарай айналдыру. /4 рет қайталау/*<br>***3.** Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда. Оң жаққа, сол жаққа тербелу.*<br>***4.** Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, 1- оңға бұрылу, 2- б.қ.* | ***рахмет айтып қоштасады.***<br>***Қорытынды.***<br>*Бүгінгі жиыннан алағн әсерлерін, көңіл күйлерін, немен айналысқандарын сұрау.*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***2. Бәрін білгім келеді (Вар комп)***<br>***Тақырыбы: Біз бақытты баламыз***<br>***Мақсаты:** Бақыт, қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру. Балалардың дүниетан-ымын, ой-өрісін дамыту.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***Шаттық шеңбері. Н. Айтов. «Тату – тәтті тұрамыз»***<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Тату –тәтті тұрамыз.*<br>*Бірге ішеміз асты да,*<br>*Бірге сайран құрамыз.*<br>***II.Қызығушылықты ояту.***<br>*Балаларға саяхат туралы хабарлау. Сұрақ-жауап*<br>*Саяхатқа немен шыққан ұнайды?*<br>*Автобус пен поездың айырмашылығы неде?*<br>*Автобуспен саяхатты таңдау*<br>***1. «Достық аялдамасы»** -Балалар* | *неше торғай керек?*<br>*-Дөңгелекте неше бұрыш бар?*<br>*-Төрт бұрыштың бұрыштарында үш торғай отыр, дұрыс отыр ма,*<br>*Неше торғай жетпейді?*<br>*- Үй қандай пішіндерден тұрады?*<br>*Құрт қандай пішіндерден тұрады?*<br>*- Машина қандай пішіндерден тұрады?*<br>***Балаларды мадақтау.Смайлктер***<br><br>***2. Көркем әдебиет***<br>***Тақырыбы:***<br>*Тату доспыз бәріміз*<br>***Мақсаты:Балаларды** бір-бірімен тату болуға, мейрімді болуға үйрету. Дамытушы ойындар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындай отырып,сөздік қорларын молайту, ой-өрісін дамыту.*<br>***I. Көңілді шеңбер. «Балдырған баламыз» Е.Өтетілеуов***<br>*Балдырған баламыз,*<br>*Досты көп табамыз*<br>*Қашан да, қайда да*<br>*Сенімді баламыз*<br>***I.I. Ой дамыту.***<br>*«Достық неден басталады, достыққа не жараасады?»*<br>*Достар қандай болу керек?*<br>*Мейрімді, ақылды, қамқор, бірлікте.*<br>*Ендеше соны іспен* | *1. Көктемде қар жауады.*<br>*2. Қазір күз мезгілі?*<br>*3 .Қыста жапырақтар сарғаяды?*<br>*4. Жаз ең суық жылмезгілі?*<br>*5. Күзде бәйшешектер өседі?*<br>*6. Жазда балалар оқиды?*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br><br>***2.Жапсыру.***<br>***Тақырыбы: Құстар біздің досымыз.***<br>***Мақсаты:** Құстарға қамқор-лық ретінде ұя жасауды үйрету. Геомертиялық пішіндерді пайдалана отырып, оларды дұрыс орналастыру барысында бірлесе отырып, ұжымдық жұмыс жасауға тәрбиелеу.*<br>***Керек құралдар:** Қатты картон, клей, жіп.*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***I. Шаттық шеңбері.***<br>*"Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы.*<br>*Бала,бала,баламыз,*<br>*Бақшамызға барамыз.*<br>*Күні бойы қызыққа*<br>*Батамызда қаламыз!*<br>***II. Қызығушылықтырын ояту.***<br>***Тақпақ. Ө. Тұрманжанов «Құс ұясын бұзбайық!»***<br>*Құс ұясын бұзбайық!*<br>*Өсіруге баланы,*<br>*Құстар ұя салады.*<br>*Жасауға жұмсақ ұяны,*<br>*Жабағы жүнді жияды.*<br>*Жайлы ғып жасап ұяны,*<br>*Жұмыртқасын салады.* | *жүруге және берілген бағытта жүгіруге үйрету. Допты тура бағытта домалату. Құрсаудан еңбектеп өту.*<br>***I.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру.*<br>*Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>***1.** Қол мен иыққа арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)** қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)** екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)** солға тербелу.*<br>***2.** Денеге арналған жаттығулар:*<br>*Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде*<br>***а)** қолды жоғары көтеру.*<br>***ә)** алға созу.*<br>***б)** түсіру.*<br>***в)** екі қолды жанға созу.*<br>***г)** б.қ.келу.*<br>***3. Аяққа арналған** Б.қ: тік тұру, қол төменде.*<br>***а)** екі қолдағы кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3- солға бұрылу, Әр бұрылған сайын «қақпа ашылды» деп айту .<br>**5.** Аяқтарын біріктіру. Қолдарын қоянның аяғына ұқсату. Орнында секіру.<br>/15-20 секунд/<br>Шеңбер бойы жүру. Адымдап жүру.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>Шеңбер бойымен тұрып араның дыбысын<br>салу (з-з-з), мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1.Бір орында тұрып, екі аяқпен секіру.<br>2.Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) тепе-теңдікті сақтап жүру.<br>**Қимылды ойын:**<br>Торғайлар мен мысық<br>Балаларды мадақтау.<br>Тыныс алу жаттығу.<br>«Шар үру» | сендерге жалғыз ойнаған немесе көппен ойнаған ұнай ма?<br>-Неліктен дос керек деп ойлайсыңдар?<br>- Біз білетін достық ережесі қандай еді?<br>- жолдастарыңа көмектес.<br>-қолыңнан келген істі өзгеге үйрет.<br>**2. «Отбасы аялдамасы»**<br>- Балалар отбасы деген не?<br>- Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/<br>-Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.<br>**Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.**<br>**Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»**<br>**1-бала:**Айтшы білсең егер де,<br>Бақыт деген не?<br>**2-бала:** Бақыт деген, шырағым<br>Мынау әсем тұрағың.<br>Ну ормандар, гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны<br>БАҚЫТ- дәні даланың.<br>«Ботам» деуі әженің,<br>Тыныштығы әлемнің.<br>**3-бала:** Қайда бақыт мекені,<br>Қалай оған жетеді? | көрсетейік<br>**І.2. Қызығушылықты ояту.**<br>Балаларды топқа бөлу, дамытушы ойындар.<br>**Достық үйін құрастыру.**<br>**1-топ Мейірімділік үйі. М.Монтессори технологиясы бойынша үй құрастыру.**<br>Сипаттама беру. Әр бала айту.<br>Біздің үйіміз мейрімділік үйі деп<br>аталады.<br>Біз бір-бірімізге мейрімдіміз.<br>Біз достарымызды қиындыққа тастамаймыз<br>Мейрімділік үйі көңілді болады.<br>Дос деп ең жақын адамды айтамыз.<br>**2 –топ. Ақылдылар үйі. Дьенеш блоктары арқылы үй құрастыру.**<br>Біз ақылды балалармыз<br>Бір –бірімізді ренжітпейміз<br>Бәрін ақылмен жасаймыз<br>Осы үйді де ақылмен, ойласып жасадық<br>**3 – топ. Қамқоршылар үйі**<br>**Таяқшамен үй жасау. Сипаттама.**<br>Біз қамқор балалармыз.<br>Достарымызға көмектесуге дайынбыз<br>Достарымызбен барлығын бөлісеміз | Балапаны шыққанда,<br>Бір қуанып қалады.<br>Құс ұясын бұзбайық!<br>Жұмыртқасын жармайық!<br>Обалына қалмайық»<br>**Ой дамыту**<br>1.Құстар туралы түсінік беру.<br>-Құстардың бізге қандай пайдасы бар?<br>-Оларға қандай қамқорлық жасау керек?<br>**Ой қозғау.**<br>Жұмысқа қатысты материалдардың не үшңн керек екенін сұрау<br>Материалдарды атау, көрсету.<br>Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру.<br>Ұжымдық жұмыс<br>Тазалық, ұқыптылық , қауіпсіздік туралы ескерту.<br>**Өз беттерінше жұмыс.**<br>Қадағалау, көмек көрсету.<br>**«Біздің көрме» дид ойын арқылы балалардың жұмысын қортындылау.**<br>Балаларды мадақтау.<br>**Ұяны серуенде талға ілу.** | **ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу.<br>**б)** б.қ. келу.<br>**Тыныс алу жаттығулары:**<br>шәйнектік дыбысын салу (ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.<br>Бастапқы қалыпқа келу.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1 Допты тура бағытта домалату.<br>2.Құрсаудан еңбектеп өту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Допты ұста» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ***4- бала:**Адал еңбек етесің*<br>*Сонда ғана жетесің.*<br>***Сезім:** Көрінбейтін көзіңе,*<br>*Сонда оның өзі не?*<br>***5- бала:**Бақыт деген, сөзім шын*<br>*Айналайын, өзіңсің!*<br>***3. «Бақыт аялдамасы»***<br>*Міне, балалар соңғы аялдамаға да келіп жеттік. Яғни, біз бақыт аялдамасында тұрмыз. Біздің ата-анамыз жанымызда, қасымызда достарымыз бар, көңіліміз көтеріңкі, бейбіт заманда өмір сүріп жатырмыз. Балалар бақыт деген не екенін өз сөздерімен айтып берсін.*<br>***Қортынды***<br>***Аспан тұрса күлімдеп,***<br>***Ақса бұлақ гүрілдеп,***<br>***Болса Отаны аман-сау.***<br>***Балаларға сол бақыт.***<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***3.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *Достарымызға жақсылық жасаймыз*<br>***Сылдырмақ үні. Шеңберге шақыру***<br>*Балалар достық әлемінде қандай*<br>***Бекіту кезеңі:***<br>*М. Жаманбалинов*<br>*.Дос болып біз жүрейік,*<br>*Ойнайық та күлейік.*<br>*Достық деген тамаша*<br>*Міне,тұрмыз жараса.*<br>***Балаларды мадақтау.***<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен кезектестіру. Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру. Допты тура бағытта домалату.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу. (нұсқауларды орындау) .Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар:***<br>*(таяқшалар)*<br>*«Біз күштіміз!»*<br>*Б.қ.: негізгі тұрыс, таяқшаның екі шетінен ұстаған қол төменде.*<br>*1.Екі қолды алға созып*<br>*2.таяқшаны кеуде тұсына әкелу.*<br>*3.Бір қатарға келу.*<br>*«Біз барлаушымыз!»* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Б.қ.: аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, қол төменде.*<br>*1.Қос қолды жоғары көтеру.*<br>*2.Денені бұрып – оңға иілу*<br>*3.Денені бұрып – солға иілу.*<br>*4.Б.қ. келу*<br>*«Біз штангашымыз!»*<br>*Б.қ.: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>*1. Таяқшаны кеуде тұсына ұстау*<br>*2. Таяқшаны жоғары көтеру.*<br>*3.Шынтақты бүгіп, иыққа тигізу.*<br>*4.Б.қ. келу. «Біз ептіміз!»*<br>*Б.қ.: екі аяқ бірге, қол төменде, таяқша баланың алдында жатады.*<br>*1.Қос қол белде.*<br>*2.Тізені сәл бүгіп, таяқшадан секіру*<br>*3.Б.қ. келу. Тыныс алу:*<br>*1.Аяқ арасы алшақ, таяқшаны қос қолмен екі шетінен жоғары көтеру, ауа жұту.*<br>*2.Таяқшаны кеуде тұсына әкеліп, мұрнымен дем шығару.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1 Сызықтар арасымен (15 см арақашықтық) жүру.*<br>*2.10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. (гимнастикалық баспалдаққа көтеріле өрмелеу)*<br>***Қимылды ойын:***<br>*Өз үйіңді тап!» ойыны:* | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Ойын шартымен таныс-тыру. Балаларды мадақ-тау. Тыныс алу жаттығу. «Ауа шары»* | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | ***№ 1.Бақылау:*** ***Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.*** ***Картотека қосымша тігілген*** | ***№3.Бақылау:*** ***Ауа – райын бақылау.*** ***Картотека қосымша тігілген*** | ***№6. Бақылау:*** ***Құстарға бақылау жасау.*** ***Картотека қосымша тігілген*** | ***№10. Бақылау:*** ***Күннің көзін бақылау.*** ***Картотека қосымша тігілген*** | ***№18. Бақылау.*** ***Жеміс- жидектің қайда өсетінін бақылау.*** ***Картотека қосымша тігілген*** |
| **Серуеннен оралу** | ***Ойын- жаттығу*** *Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.* *Балаларға реттіліспен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету.* *Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу :*** *Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| **Ұйқы** | *Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.* | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***№1*** ***Қандай ғажап керемет,*** ***Әсем есік ашылды.*** ***Түрлі - түсті бояулар,*** ***Аспанда жайылып шашылды*** ***Ұйқым шайдай ашылды*** *Картотека қосымша тігілген* | ***№12*** ***Күнге қарап күлімдеп*** ***Көзімізді ашамыз*** ***Бойды түзе, көтер басты*** ***Сергіп ұйқы ашамыз*** *Картотека қосымша тігілген* | ***№13*** ***Ұйқымызды ашайық*** ***Қолымызды созайық*** ***Енді қане бәріміз,*** ***Жаттығуды жасайық.*** *Картотека қосымша тігілген* | ***№8*** ***Ұйқыдан біз тұрамыз*** ***Көзімізді ашамыз*** ***Жан-жағымызға қарайық*** ***Төсектен біз тарайық*** *Картотека қосымша тігілген* | ***№7*** ***Балапандар тұрайық*** ***Көзімізді ашайық*** ***Жан-жаққа біз қарайық*** ***Бір күлімдеп алайық.*** *Картотека қосымша тігілген* |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | ***Сюжетті рольдік ойындар*** ***«Мен аспазшы боламын»*** ***Мақсаты:*** *Азық-түлік өнеркісібінің қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін нақтылау.* ***Жеке баламен жұмыс*** ***Тәрбиеші жоспары бойынша*** | ***«Тігінші»*** ***Мақсаты:*** *Тігінші, сәнгер, үлгішінің еңбектерін құрметтеуге тәрбиелеу* ***Жеке баламен жұмыс*** ***Тәрбиеші жоспары бойынша*** | ***«Мен дәрігер боламын»*** ***Мақсаты:*** *Ойын барысында қоршаған тіршілік туралы білімдерді көрсету, медицинаның әлеу-меттік маңыздылығын көрсету.* ***Жеке баламен жұмыс*** ***Тәрбиеші жоспары бойынша*** | ***«Құрлысшы»*** ***Мақсаты:*** *Үсюжетке сәйкес конструктор, құрылыс материалдарын қолданып келісіммен берілген ролдерді бөлуге ойнауға үйрету* ***Жеке ьаламен жұмыс*** ***Тәрбиеші жоспары бойынша*** | ***«Полиция»*** ***Мақсаты:*** *Транспортш ылардың, автоинспектор қызметкерлерінің еңбектерін құрметтеуге және қызығушылықтарын тәрбиелеу* ***Жеке баламен жұмыс*** ***Тәрбиеші жоспары бойынша*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Серуен № 1*** <br> ***Гүлдейтін ағаштарды бақылау.*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен № 2*** <br> ***Құстарды бақылау.*** <br> *Картотека қосымша тіркелген* | ***Серуен №3*** <br> ***Қараторғайды бақылау*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №4*** <br> ***Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* | ***Серуен №5*** <br> ***Ауа райын бақылау*** <br> *Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата-анамен балаларының тамақтануы жайында кеңесу беру.* | *Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.* | *Ата-аналараға балабақшаға төлейтін төлем ақысын уақытылы керектігін ескерту.* | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу.* | *Ата –аналармен балалары туралы әңгімелесу.* |

## Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

**Өтпелі тақырып «Әрқашан күн сөнбесін!»**
**Тақырыпша. «Отан қорғаушылыр»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсет ***ІІ апта ( мамыр, 2022ж.)***

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | *Балаларды қабылдау, **дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>***Мен де балғын гүлмін***<br>***Автор. М. Байсариева***<br>*Арасынды гүлдің*<br>*Ойнап бүгін жүрдім*<br>*Қызыл, көкшіл, сары*<br>*Әп-әдемі бәрі*<br>*Енді ғана білдім-*<br>*Мен де балғын гүлмін!* | *Ата-аналармен аман-дасу. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.*<br>***Дидактикалық ойын: «Әдептілік әліппесі».***<br>*Мақсаты: Сурет көрсете отырып, Өз-өзін тәрбиелеуге үйрету* | *Балаларды дене тазалығын тексеріп қабылдау. Көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>***«Біздің шаңырақ»***<br>***Е.Өтетілеуов***<br>*Атамнан басталар*<br>*Әжеммен қосталар*<br>*Отбасым мынылар:*<br>*Ең жақын адамдар*<br>*Әкем мен анам бар*<br>*Бір туған ағам бар*<br>*Бір туған апам бар...*<br>*Бәрін жақсы көремін*<br>*Еркелеймін еремін!* | *Балаларды қабылдау Денсаулығы, көңіл- күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу.*<br>***Дидактикалық ойын:***<br>*Үстел -үсті ойыны пазл: **«Өз үйіне орналастыр»***<br>***Мақсаты:****логикалық ойлау қабілетін дамыту.* | ***Балаларды қабылдау барысында дене қызуын өлшеп,** көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.*<br>***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»***<br>*Бақыт деген, шырағым*<br>*Мынау әсем тұрағың.*<br>*Ну ормандар, гүл бағы,*<br>*Күннің күліп тұрғаны*<br>*БАҚЫТ- дәні далаңның.*<br>*«Ботам» деуі әжеңнің,*<br>*Тыныштығы әлемнің.* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 2*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңғы ас** | *Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау*<br>*Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!" Рахмет айтуға тәрбиелеу* | | | | |
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау.* | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері** | ***5. Құрастыру***<br>***Тақырыбы: Жүк машинасы.***<br>***Мақсаты:*** *Балаларға көліктер туралы түсінік бере отырып,жүк машинасын құрастыруды үйрету.Қалдық материалдардан ұсақ түйектер жасау іскерлігін қалыптастыра отырып, шығармашылық қиялын,көркемдік талғамын дамыту.*<br>***І. Шаттық шеңбері.***<br>***"Дос болайық,бәріміз"***<br>*Х.Талғаров.*<br>*Дос болайық бәріміз,*<br>*Жарасып тұр әніміз,*<br>*Тыныштықты сақтаймыз,*<br>*Атсын күліп таңымыз*<br>***ІІ.Қызығушылық ояту.***<br>***Жұмбақ жасыру.***<br>*Әкемнің тор тайы,*<br>*Май жалап, су ішсе*<br>*Тоқтамай жортады.*<br>*(машина)*<br>***2.Ой дамыту***<br>***Машина туралы түсінік беру.***<br>*Сұрақ – жауап*<br>*Сөздік жұмыс.*<br>*-Машина деген не?*<br>*-Ол не үшін керек?*<br>***2.Ой қозғау***<br>***-Машинаның бөліктерін атау, түсіндіру.***<br>*Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету.* | ***Сөйлеуді дамыту***<br>*Біз Отанның сарбазы.*<br>***Мақсаты :****Отан қорғаушылар туралы түсінік беру, сөйлеу мәнерін сақтауға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес қысқа өлең жаттату.*<br>*ҰОҚ өтілу барысы.*<br>***І.Шаттық шеңбер***<br>***Е.Өтетілеуов***<br>*Бақшамызға барғанда,*<br>*Жолыққан бар жандарға*<br>*Ертемен ақ пейілмен*<br>*«Қайырлы таң!» деймін мен*<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту***<br>***Өлең оқу.***<br>*Отан-сенің ата –анаң,*<br>*Отан-досың,бауырың*<br>*Отан-өлкен,астанаң*<br>*Отан-аудан,ауылың*<br>***ІІІ.Ой қозғау***<br>*Өлең не туралы айтылған.*<br>*Отан деген не?*<br>*Сенің Отаның қалай аталады?*<br>*Отанды қорғау деген не?*<br>***Қимылды ойын***<br>***“Біз сарбазбыз”*** | ***1.Математика негіздері***<br>***Тақырыбы:*** *Логикалық тізбек ойыны*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға қатарлардың құрылу заңдылығын және келесі немесе жетіспейтін қатар мүшесін табуды қажет ететін бірнеше тапсырма беру арқылы баланың ойлау қабілетін арттыру.*<br>***ҰОҚ өтілу барысы***<br>***Таңғы шеңбер.***<br>***«Аман болсын бәріде»***<br>*Алақанды соғамыз,*<br>*Ашық болсын айымыз.*<br>*Биік болсын туымыз,*<br>*Тату болып халықтар,*<br>*Аман болсын балалар!*<br>***І.Ой қозғау***<br>*Санамақ айту.*<br>*Бір үйде біз нешеуміз,*<br>*Кел, санаайық екеуміз.*<br>*Бас бармағым –атам,*<br>*Балан үйрек- әжем,*<br>*Ортан терек - әкем,*<br>*Шылдыр щүмек – анам,*<br>*Кішкене бөбек – мен.*<br>*Бір үйде біз бсеуміз,*<br>*Тату тәтті екенбіз*<br>*1. Өткен тақырыпқа шолу.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*-Пішіндерге нелер жатады?*<br>*- Атау.*<br>***Сергіту сәті: «Сырғалар»***<br>***3.Ой дамыту***<br>*Геометриялық пішіндермен* | ***1. Жаратылыстану***<br>***Тақырыбы:*** *Менің Қазақстаным*<br>***Мақсаты:*** *Балаларға отан, Тәуелсіз Қазақстанымыз жайлы жалпы мағлумат беру. Отанын,елін шексіз сүюге, еліміздің рәміздерін құрметтеуге және өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу*<br>***ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.***<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***ІІ.Қызығушылықты ояту.***<br>***Өлең оқу***<br>***Ж. Тұрбеков. Туған елім.***<br>*Туған өлке – кең далам,*<br>*Мәңгілік бақыт орнаған.*<br>*Сайраңдаймыз саяңда*<br>*Ерікті ұлан – біз балаң.*<br>*Сұрақ – жауап.*<br>*Өлең не туралы айтылған?*<br>*Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз?*<br>***2.Ой дамыту***<br>*Меңгерілген білім дағдыларын естеріне түсіру.*<br>*–Біз қандай мемлекетте тұрамыз?*<br>*–Біздің Отанымыз не?*<br>*-ҚР рәміздерін ата ?*<br>*–Оларға сипаттама беру*<br>*–Астанамыз қалай аталады? – Сендер қай обылыста тұрасыңдар?*<br>***3.Ой қозғау.***<br>*«Қуаныш қыз» М. Малышова.* | ***1. Сурет салу***<br>***Тақырыбы: Күлімде күн (ұжымдықжұмыс)***<br>***Мақсаты:*** *Алақанмен сурет салу қабілеттерін бекіту. Күннің шуақтарын түсіне сәйкестендіре жылдам басып салуға үйрету. Күн шуағын әсем бейнелей отырып, табиғатты аялау тәрбиелеу.*<br>***Шаттық шеңбері.***<br>***Табиғат ана. Н. Жанаев***<br>*Табиғат біздің анамыз,*<br>*Табиғатқа баламыз.*<br>*Иіліп сәлем береміз,*<br>*Біз әдепті баламыз.*<br>***ІІ.Қызығушылықтары н ояту.***<br>*Жұмбақ жасыру.*<br>*Таңертең көзін ашады,*<br>*Әлемге нұрын шашады.*<br>*(Күн)*<br>***2.1Ой дамыту***<br>***-Күн туралы түсінік беру.*** *-Сұрақ – жауап .*<br>*- Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек?*<br>*- Жарық, жылу , су,ауа. –Олар жылуды қайдан алады.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *Дид ойын: «Қандай түс»*<br>***3. Өз беттерінше жұмыс жасау.***<br>*Қадағалау, көмектесу.*<br>*Сергіту сәті:*<br>*«Біз тынығып алайық»*<br>***Қортынды***<br>***«Біздің көрме»***<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2. Дене шынықтыру.***<br>*Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүру және жүгіру. Құрсаудан еңбектеп өту. Заттар арасымен доптарды домалату.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.*<br>*Баяу жүгіру, жылдам жүгіру*<br>***Негізгі бөлім:***<br>***Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен)***<br>***1.*** *Қол мен иыққа арналған жаттығулар:*<br>***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.*<br>***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.*<br>***б)*** *солға тербелу.*<br>***2.*** *Денеге арналған жаттығулар:*<br>***«Бағыттаушы»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.*<br>***а)*** *қолдағы гүлдерді жоғары көтеру.* | ***Шарты:****Балар үш шеңберге жасап тұрады.Әр щенбер өз тапсырмасын алады.*<br>***Бірінші шеңбер:*** *"Ұшқыштар"*<br>***Екінші шеңбер:*** *«Атты жауыңгерлер»*<br>***Үшінші шеңбер:*** *"Жаяу әскерлер"*<br>***Ұшқыштар*** *қолдарын екі жаққа жайып өз шеңберін де*<br>***"Ұшқыштар ұшады"***<br>*.Басқалары қарап тұрады.*<br>***Музыка ойнағанда***<br>*"Жаяу әскерлер" адымдайды,*<br>***келесі музыкада***<br>*"Атты жауынгерлер" шабады,олар ат шабысын салады.*<br>***Сұрақтар ілмегі***<br>*Отан қорғау үшін қандай болуымыз керек?*<br>***Ой дамыту***<br>***Батырлық туралы мақал-мәтелдер***<br>*-Батыр мың қол бастайды*<br>*Шешен тар жерден сөз бастайды*<br>*-Батыр туса ел ырысы*<br>*-Жаңбыр жауса жер ырысы*<br>*Есейгенде ер болып*<br>*Елді жаудан сақтаймын*<br>*Қортынды.*<br>*Алға бас,қарышта жас ұлан* | *жұмыс.*<br>*Дид ойын:*<br>*«Менде қандай бұрыш бар?»,*<br>***Дид ойын:***<br>*«Кім жылдам?» құрастыру жұмысын жүргізу. (үй, машина, т.б.)*<br>***4.Миға шабул***<br>*Логикалық тізбек ойыны*<br>*Мысалы мен 2 қызыл шеңбер 2 жасыл үшбұрыш қоямын бала арман қарай ойланып тізбекті жалғастыру керек ягни ол 2 қызыл шеңбер мен,2 жасыл үшбұрыш қойып жалғау керек.*<br>*Болмаса 3 жеміс суретін ,1 машина суретін қоямын, бала жалғасын табу керек*<br>***Қортынды***<br>*Сұрақ-жауап*<br>*Балаларды мадақтау*<br><br>***2.Орыс тілі***<br>***Педагог маманның жоспары бойынша***<br><br>***3.Дене шынықтыру.***<br>*Сапта бір-бірлеп, түрлі бағытта жүру және жүгіру. Заттар арасымен доптарды домалату. Төрттағандап еңбектеу.*<br>***І.Кіріспе бөлім.***<br>*Бір қатар сапқа тұру.*<br>*Сәлемдесу.*<br>*(нұсқауларды орындау)*<br>*.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.*<br>***Негізгі бөлім:*** | *Ертегі оқу, түсіндіру.*<br>*– Ертегі не туралы?*<br>*–Қуаныш неге кездесті?*<br>*- Гүл оған не деп сыбырлады?*<br>*-Сендер қалай ойлайсыңдар?*<br>*–Гүлдің айтқаны дұрыс па?*<br>***4.Отан туралы тақпақ жаттау.***<br>***–Мағынасын түсіндіру.***<br>*Отан. Ж Әбдірашев.*<br>*«Отан - атам, Отан - әкем!»*<br>*Осы сөзім қате мекен?!*<br>*Қате болса,Неге біздер*<br>*Дейміз оны «Атамекен?!»*<br>*«Отан - әжем, Отан – анам!»*<br>*Туған жер! деп,Ол бекерге аталмаған.....*<br>*Атам, әжем, әкем, анам*<br>*Төртеуі де «Отан!» маған*<br>***«Туған жерді гүлдендір» ойынымен сабақты аяқтау. Балаларды мадақтау.***<br><br>***2.Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | *–Күннің шуағы деген не?*<br>***2.Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету***<br>***Дид ойын: «Қандай түс»****3. Ұжымдық жұмыс жасау.*<br>*Қадағалау, көмектесу*<br>***Саусақ жаттығуы: «Дос болайық»***<br>*Торғайлармен дос болайық*<br>*Көңілдірек қанекей.*<br>*Жем береміз, бәріміз.*<br>*Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз.*<br>*күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз.*<br>***Сергіту сәті:***<br>***«Біз кішкентай баламыз»***<br>*Біз кішкентай баламыз,*<br>*Өсіп-өніп толамыз.*<br>*Көкке қолды созамыз,*<br>*Құстай қанат қағамыз.*<br>*Қарлығаш боп ұшамыз,*<br>*1-2-3 өсеміз де, толамыз.*<br>***Дид ойын: «Біздің көрме»***<br>***Балалардың жұмысын мадақтау.***<br>***2.Дене шынықтыру.***<br>*жүру және жүгіру.*<br>*«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.*<br>*Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ә)** алға созу.<br>**б)** екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу.<br>**в)** екі қолды жанға созу.<br>**г)** б.қ.келу.<br>**3. Аяққа арналған жаттығулар: «Алақай!»** Б.қ: тік тұру, қол төменде.<br>**а)** екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.<br>**ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу.<br>**б)** б.қ. келу.<br>**Тыныс алу:** «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу)<br><br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1.Құрсаудан еңбектеп өту.<br>2.Заттар арасымен доптарды домалату.<br>**Қимылды ойын:**<br>«жел көбік» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.<br>Тыныс алу жаттығу.<br>«Ауа шары» | Қанатты талмайтын жас қыран<br>Жастықтың жігері бойында<br>Өзендей күші бар тасыған.<br>**2.Бәрін білгім келеді (В)**<br>**Тақырыбы:** Орман дәрігері.Ертегі.<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегі желісін түсіндіре отырып, ағаштардың адам өміріне тигізетін пайдасын түсіндіру. Ертегідегі құстардың ақылдылығын айта отырып, баланы адал, ақылды, қайырымды болуға, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ ӨТІЛУ БАРЫСЫ.**<br>**І.Шаттық шеңбері.**<br>**«Кел,балалар күлейік»**<br>**Ө.Тұрманжанов.**<br>Кел,балалар күлейік!<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек.<br>Көңілді болып жүрейік!<br>**ІІ.Қызығушылықты ояту**.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Табиғаттың сәні, Таза ауаның нәрі.<br>Көрік берген далама,<br>Білер оны бар бала.<br>**(Ағаштар)**<br>**Сұрақ – жауап.**<br>**1. Ой қозғау.**<br>Ағаштар және орман туралы түсінік беру. | **Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>3. Доппен жаттығу.<br>1. Б.қ қолда доп :1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.<br>2.Б.қ 1 - доп оң қолда екі рет алдыға айналдыру, 2 – доп сол қолда алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.<br>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен, оң қолда доп сол аяққа жеткізу допты,сол қолдағы допты оң аяққа жеткізу.<br>4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.<br>5.Б. доп кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу.<br>6.Б.қ доп кеуде тұсында.Бір орында тұрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.<br>**Негізгі қимыл-жаттығулары:**<br>1. Заттар арасымен доптарды домалату.<br>2.Төрттағандап еңбектеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Күн мен жаңбыр» ойыны:<br>Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.<br>Тыныс алу жаттығу.<br>дыбыс шығару «ш-ш-ш»<br>Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз. | | «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар допты домалату.<br>**І.Кіріспе бөлім.**<br>Бір қатар сапқа тұру. Сәлемдесу.<br>(нұсқауларды орындау)<br>.Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау.<br>**Негізгі бөлім:**<br>**Жалпы дамыту жаттығулар:**<br>«Жалаушамен жаттығу»<br>1. Бір қатармен жүру,аяқ ұшымен, өкшемен,аяқты көтеріп жүру, жүгіру. (2 мин.)<br>2. Бір қатардан екі қатарға тұру.<br>3. Жалаушамен жаттығу.<br>1. Б.қ қолда жалауша:1 – алдыға созу , 2 – жоғары көтеру, 3 – алдыға созу , 4 – б.қ –қа келу.<br>2.Б.қ 1 - жалауша оң қолда, екі рет алдыға айналдыру, 2 – жалауша сол қолда, алдыға айналдыру.3 – артқа айналдыру алдымен оң қолмен,артынан сол қолмен.<br>3. Б.қ аяқ арасы ашық иықпен оң қолда жалау сол аяққа жеткізу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | - *Сұрақ – жауап.*<br>*-Қазір қандай мезгіл?*<br>*-Ағаштарда қандай өзгерістер болып жатыр?*<br>*-Ағаштар бізге не үшін қажет?*<br>*-Орман дегенде көз алдарыңа не елестейді?*<br>*-Неге ну орман дейміз?*<br>***2. Ой дамыту.***<br>*-Ертегіні мәнерлеп оқу.*<br>*-Ертегі желісін түсіндіру.*<br>*-Терек қандай ағаш?*<br>*-Неліктен ауырды?*<br>*-Оның зарлы дауысын қай құс бірінші естіді?*<br>*-Құстардың аттарын дұрыс айтып түсіндіру.*<br>***Сөздік жұмыс:***<br>*Елестейді, ну орман, зарлы, құлпырады.*<br>*Сергіту сәті.*<br>*«Қазым, қазым қаңқылда»*<br>***3. Миға шабуыл.***<br>*-Ертегі желісінен сұрақ – жауап.*<br>*Қортынды*<br>***Викториналық сұрақтар:***<br>*Басында тарағы бар ,бірақ шашыңды тарай алмайсың . (Әтеш)*<br>*Қай кішкене құс жемін ұшып жүріп аулайды? (Қарлығаш)*<br>*Қай құс өзінің атын* | | | *жалауды, сол қолдағы жалауды оң аяққа жеткізу.*<br>*4.Б.қ аяқ бірге,отырып тұру.*<br>*5.Б.қ жалау кеуде тұсында 1-адым алдыға, 2-тізе бүгу, 3 – артқа, 4-тізе бүгу. 6 рет.*<br>*6.Б.қ жалау кеуде түсында.Бір орында түрып секіру аяқты алдыға –артқа жібере отырып.*<br>***Негізгі қимыл-жаттығулары:***<br>*1.Заттар арасымен еңбектеу.*<br>*2.допты домалату.*<br>***Қимылды ойын:***<br>*«Допты кәрзеңкеге түсір» ойыны:*<br>*Ойын шартымен таныстыру.Балаларды мадақтау.*<br>***Тыныс алу жаттығу.***<br>*«Ботқа пысты» мұрынмен дем алып, ауыздан демді шығару. «пы-ых, пы-ых ,пы-ых»* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *қайталайды? (көкек)*<br>*Қандай құс хат тасушы атанған?(көгершін)*<br>*Қай құста мүлде ұя болмайды? (көкек)*<br>*Адам қай құсты аң аулауға пайдаланады? (Бүркіт)*<br>*Құстың негізгі мекені? (Ұя)*<br>*Балаларды мадақтау.*<br><br>***3. Музыка***<br>*Педагог жоспары бойынша* | | | |
| **Серуенге дайындық** | ***Киіну:*** *Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.* | | | | |
| **Серуен:** | **Картотека №4**<br>Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау<br><br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека № 9**<br>Күннің көзін бақылау.<br><br>Ауа-райын бақылау<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №11**<br>Құстарды бақылау. Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №12**<br>Аула сыпырушы еңбегін бақылау.<br>Картотека қосымша тіркелген. | **Картотека №13**<br>Ауа- райын бақылау.<br><br>Картотека қосымша тіркелген. |
| **Серуеннен оралу** | *Ойын- жаттығу: Мөлдір су.*<br>*Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.* | | | | |
| **Түскі ас** | ***Ойын- жаттығу :***<br>*Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз*<br>*Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.* ***Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"*** | | | | |
| **Ұйқы** | | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынық-тыру шаралары** | ***Жаттығу кешені №6***<br>*Балалар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Қолымызды созып*<br>*Шынығып бір алайық.*<br>**Картотека қосымша тіркелген.** | ***Жаттығу кешені №7***<br>*Балапандар тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Жан-жаққа біз қарайық*<br>*Бір күлімдеп алайық.*<br>**Картотека қосымша тіркелген**. | ***Жаттығу кешені №8***<br>*Ұйқыдан біз тұрамыз*<br>*Көзімізді ашамыз*<br>*Жан-жағымызға қарайық*<br>*Төсектен біз тарайық*<br>**Картотека қосымша тіркелген.** | ***Жаттығу кешені №9***<br>*Ұйқыдан біз тұрайық*<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Анда- мында созылып*<br>*Тарқасайық, тұрайық*<br>**Картотека қосымша тіркелген**. | ***Жаттығу кешені №10***<br>*Көзімізді ашайық*<br>*Аунап, құнап алайық ,*<br>*Самал жел бізге желпісін,*<br>*Ұйқымызды ашайық*<br>**Картотека қосымша тіркелген.** |
| **Бесін ас** | *Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет.** | ***Дидактикалық ойын: «Сөйлемді аяқта» ойыны***<br>*Шарты: мен сендерге сөйлемнің басын бастаймын, сендер* | ***Ойын жаттығулары. «Кубизм» әдісі***<br>*Кубиктер арқылы тапсырма орындау.* | ***Қимылды ойын: «Тату-тәтті отбасы»***<br>***Ойын мақсаты:***<br>*үлкендерді сыйлауға* | ***Шынықтыру шаралары***<br>***Тыныс алу жаттығулары***<br>***«Кімнің шары алысқа ұшады?»***<br>***Мақсаты:*** *Дөңгелек жақ бұлшық* | ***Қимылды ойын: «Жіп айналады»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды бірлесіп жұмыс істеуге* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс** | *аяқтайсыңыздар.*<br>*- Құстар ұша алады, өйткені*<br>*- Құстар қоректенеді ...*<br>*- Көктемде қайтқан құстар ..*<br>*- Аяздан қорықпайды ...*<br>*- Үй құстары ...*<br>*- Құстар қорғайды ...*<br>*- Құстар бір–біріне ұқсайды, ...несімен?*<br>***Фонетикалық жаттығу:***<br>*Бала қарға – қарқ, қарқ (бәсең дауыспен)*<br>*Ана қарға – қарқ, қарқ (орта дауыспен)*<br>*Әке қарға – қарқ, қарқ (қатты дауыспен)* | *1-тапсырма*<br>*Жаңылтпашты қайталау, жаттау*<br>*Көк тырна*<br>*Көп тырна*<br>*Тыраулап тек*<br>*Көп тұрма*<br>***Мнемотехника әдісі***<br>*Бейнелі суреттерді ретімен қойып, әңгімелеп айту* | *тәрбиелеу. Отбасы мүшелерін дұрыс атауға үйрету.*<br>***Ойын барысы:*** *Бөлме ішінде әсем әуен ырғағымен жеңіл билеп жүреді. Тәрбиеші әуенді тоқтатып, хабарлама жасайды: «Тату-тәтті жанұяда» 3 адам тұрады. Балалар үштен, екіден, төрттен бірігеді. Ойын осылайша жалғаса береді.* | *етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру.*<br>***Барысы:*** *Балалар жұпқа бөлінеді. Әр балаға шар беріледі. Үстел үстіне лента қойылады және оның үстіне шарларды қояды.Балалар жүргізушінің бұйрығы бойынша мұрын арқылы тыныс алып, шарды үрлеуі тиіс. Шарды үрген кезде жеткен жеріне лента түсіне сәйкес текше немесе түйме қойылады. Кімнің шары үш мүмкіндікте ең ұзақ жылжыса сол жеңімпаз болады.* | *тәрбиелеу.*<br>***Ойын барысы:*** *Балаларға тәрбиеші жіпті көрсетіп, оның қалай оралатынын көрсетеді. Балаларға осыны бейнелеуді ұсынады. Барлығы қолдарынан ұстап, бірінші тұрған бала жіптің рөлін атқарады.Ол бөлменің ортасында тұрып екінші баланың қолынан ұстайды, ал ол үшіншісін ұстайды. Содан жіп пайда болады.*<br>*Тәрбиеші соңғы баланың қолынан ұстап , бірінші балаға қарай жіпке ұқсап айналады.Балалар «Жіп-жіп-жіп айналады!»-дейді.Сонан кейін жіп тарқатылғандай болып, балалар қолдарын жібермей кейін жүреді. Ойын 3-4 рет қайталанады.*<br>***Керекті құралдар:*** *жіп.* |
| **Серуенге дайындық** | *Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.* | | | | |
| **Серуен** | ***Таза ауаға серуен.***<br>***Серуен №6***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.***<br>***Серуен № 7***<br>*Картотека қосымша тіркелген* | ***Таза ауаға серуен.***<br>***Серуен 8***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.***<br>***Серуен №9***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* | ***Таза ауаға серуен.***<br>***Серуен №10***<br>*Картотека қосымша тіркелген.* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | *Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әнгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.* | *.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* | *Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу* | *Ертеңгілік жаттығуға балаларды үлгертіп әкелулерін ата-аналарға түсіндіру. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.* |

**Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы**

**Өтпелі тақырып ««Әрқашан күн сөнбесін!»**
**Тақырыпша: «Көңілді жаз»**

**Білім беру ұйымы:** «Ақмола облысыбілім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ жанындағы Айналайын шағын орталығы»
**«Күншуақ»** ортаңғы тобы
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** (апта күндерін, айды, жылды көрсет **III апта (мамыр, 2022ж.)**

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу<br><br>Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б. ) | *Балаларды қабылдау .*<br>*Ата-анамен баланың ден саулығы, тазалығы туралы әңгіме.*<br>*Медбикемен бірлескен жұмыс.*<br>*Балалармен табиғат әлемі туралы әңгңме жүргізу.*<br>***Қимылды ойын: «Поезд»***<br>***Ойынның мақсаты:*** *тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.* | *Балаларды қабылдау.*<br>*Баланың көңіл-күйіне, денсаулығына назар аудару.*<br>*Балалармен өсімдіктер туралы әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Тышқан мен қонжық»***<br>***Мақсаты:****Терең ырғақты дем алып шығаруға жаттықтыру,қимылдың дұрыстығын дамыту,омыртқа бұлшық етін дамыту.* | *Таңғы қабылдау. Баланың денсаулығы туралы ат-анамен әңгіме ж.ргізу.*<br>*Балалармен құстар туралы әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Жел»***<br>***Мақсаты:*** *қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.* | *Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден саулығына назар аудару.*<br>*Балалармен денсаулық туралы әңгіме жүргізу*<br>***Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу.* | *Балаларды қабылдау.*<br>*Ата-анамен демалыс күндері баланың тазалығы , денсаулығы туралы әңгіме жүргізу.*<br>***Қимылды ойын: «Қолшатыр»***<br>***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.* |
| Таңертеңгі гимнастика | ***Таңертеңгі жаттығу кешені. Картотека № 3*** *Жаттығу кешені қосымша тіркелген.* | | | | |
| **Таңғы ас** | ***Ойын- жаттығу :***<br>*Сылдырлайды мөлдір су,*<br>*Мөлдір суға қолыңды жу.*<br>*Жуынсаңсаң сен әрдайым,*<br>*Таза бетің, маңдайың.*<br>*«Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыру ,асты ауысуларын өтіну,асқа ризашылықтарын білдіру* | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық** | *ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау* | | | | |
